



# SEMEITANY



№ 26 (19778) 3 сәуір, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEITANY.KZ

## «АБАЙҒА ҚҰРМЕТ»

# 1,6 МИЛЛИАРДТЫҚ КЕШЕН: ОБЛЫСТА СПОРТТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ БАСТАЛАДЫ

Абай облысында спорт саласына жаңа серпін беретін ірі жоба қолға алынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында Семей қаласында жаңа спорт кешені салынады. Құрылысты қаржыландыруды «Самұрық-Қазына» қорының әлеуметтік операторы Samruk-Kazyna Trust өз мойнына алған.

Ай-Көркем МАҚЫШ,  
«Semeitany»

Екі мың шаршы метр аумақты қамтитын заманауи спорт кешені спортқа қызығушылығы бар өңір жастары үшін жаңа мүмкіндік алаңы болмақ. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, мұнда бірқатар спорт түрлеріне арналған залдар, 100 орындық трибуна, күрес пен боксқа арналған ар-

найы кеңістіктер, тренажер залдары қарастырылған. Жаңа нысан қаланың оң жағалауында, Сәтбаев көшесінде бой көтермек.

Екі қабатты ғимарат лифспен жабдықталып, барлық азаматтарға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға толық қолжетімді болады. Яғни жоба қоғамдағы тең мүмкіндіктер қағидатын нығайтуға да бағытталған. Бұл - іс жүзіндегі инклюзия. Құны 1,6 миллиард теңгені құрай-

тын кешен келесі жылы пайдалануға берілімек. Дәл осындай нысандар Ақтөбе, Арқалық және Қонаев қалаларында да салынбақ. Бұл - аймақтар арасындағы спорт инфрақұрылымындағы алшақтықты қысқартуға бағытталған қадам.

Samruk-Kazyna Trust сонымен қатар биыл еліміздің бірнеше өңірінде инклюзивті спорт орталықтарын салуды жоспарлап отыр. Бұл орталықтар ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерді қоғамнан шеттетпей, керісінше, белсенді өмірге тартуды көздейді. Қор тұжырымдамасына сәйкес, бұл орталықтарда бейімделген және инклюзивті спорт түрлеріне арналған залдар, бассейн, медициналық және физикалық оңалту бөлмелері, оқу және әлеуметтену аймақтары қарастырылады.

Бүгінде қордың қолдауымен ел бойынша 19 спорт кешені жұмыс істеп тұр. 700 мыңнан астам адам осы нысандардың игілігін көріп отыр.



## СЕМЕЙ

# 100 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Семей қаласында қала әкімі Әділет Қожанбаевтың төрағалығымен кезекті әкімдік отырысы өтті. Жиынға әкім орынбасарлары, бөлім басшылары мен инспекторлар қатысты.

Еркежан ҚАЙСА,  
«Semeitany»

Бұл туралы Семей қаласы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады. Күн тәртібінде 2026 жылға жоспарланған жол жөндеу жұмыстары, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру тетіктері және көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту мәселелері қаралды.

Жиында айтылғанды, биыл қалада ауқымды жол жөндеу жұмыстары жүргізілімек. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша, Семей қаласының жол инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында 100 көшеде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар 100 аулаға асфальт төсеу көзделген.

Жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесі де қаралды. Бүгінгі таңда тұрақтандыру қорының өнімдері 128 сауда нысанында саудалануда. Осыған байланысты қала әкімдігі тұрақтандыру қорын қалыптастыру тәсілдерін қайта қарастыруда. Енді өнім сапасына бақылау күшейтілімек. Сонымен қатар сатылатын тауарлар ассортиментін кеңейту, жеткізушілер санын арттыру және



өңдеуші кәсіпорындарды субсидиялау, жергілікті тауар өндірушілерді белсенді тарту, сондай-ақ сауда нысандарына өнім жеткізудің жеделдігін арттыру көзделіп отыр.

Әкімдік отырысында белгілі болғандай, қаланың сәулеттік келбетін біріздендіру мақсатында ағымдағы жылы 24 көп қабатты тұрғын үйдің қасбетін күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған. Бұл шаралар Семейдің келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындар үшін жайлы орта

қалыптастыруға ықпал етпек. Жиында қорытындылаған қала әкімі жауапты сала басшыларына барлық жоспарланған жұмыстардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң қадағалауды тапсырды.

- Қала тұрғындары үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру — біздің басты міндетіміз. Сондықтан әрбір жоба сапалы әрі уақтылы жүзеге асуы тиіс, - деді шаһар басшысы Әділет Қожанбаев.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Кеше облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы бірқатар сауда орындарын аралап, халыққа қызмет көрсететін нысандардың абаттандырылуы мен тазалық деңгейін тексерді.



# ТОЗҒАН САУДА ОРТАЛЫҒЫ - ЖАБЫЛУҒА БІР ҚАДАМ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,  
«Semeitany»

Аймақ басшысы құқық қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет өкілдерімен бірге қала орталығында орналасқан «Нива» сауда үйі, «Жансая» базары мен «Мың бастау» сауда орталығын аралады. Тексеру барысында тұрғындар жиі баратын бұл нысандардағы абаттандыру мен санитарлық жағдайдың талапқа толық сай келмейтіні анықталды. Атап айтқанда, 1985 жылы салынған «Нива» сауда үйінің маңында ескі дүңгіршіктер орнатылған, баспалдақтары тазаланбаған, ал ғимараттың шатырынан су ағып тұр. «Жансая» базарының да жағдайы көңіл көншітпейді: қасбеті жаңартуды қажет етеді, сырттағы контейнерлер мен ішкі сауда бұтикеттері ескірген.

Аймақ басшысы тазалық талаптарын сақтамай отырған сауда орындарына анықталған кемшіліктерді жедел түрде жоюды, бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ Семей қаласының әкіміне кәсіпкерлік басқармасы, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қаланың келбетіне нұқсан келтіріп тұрған сауда нысандарына заң аясында тексерулер жүргізуді міндеттеді.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында алдағы демалыс күндерінен бастап сенбіліктер мен тазалық акциялары басталатынын айтып, кәсіпкерлерге ортақ жауапкершілікті сезініп, өз нысандарының тазалығы мен тәртібіне ерекше назар аударуды қатаң ескертті. Ескертуді елемегендерге айыппұл салынатынын айтты.

Полиция департаментінің мәліметінше, «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде абаттандыру қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Жыл басынан бері 3 616 құқық бұзушылық анықталып, 12,3 млн теңге көлемінде айыппұл салынған, сондай-ақ 3 178 ескерту берілген. Құқық бұзушылықтар-

дың алдын алуда бейнебақылау камералары тиімді қолданылуда.

Облыс әкімі алдағы уақытта да рейдтік жұмыстарды жалғастырып, бұл бағыттағы бақылауды күшейтуді тапсырды.

- Талап — барлығына ортақ. Қаланың қақ ортасында тұрған сауда орындарындағы тазалықтың мұндай деңгейде болуы мүлдем дұрыс емес. Семей — өз қаламыз, ортақ үйіміз. Оны таза ұстау — әрқайсымыздың міндетіміз. Тазалыққа салғырт қарайтын барлық бизнес нысандарына әуелі заң аясында ескерту беріледі. Ескертуді елемегендерді жауапқа тартып, айыппұл саламыз. Кәсіпкерлер өздері табыс тауып отырған нысандарының айналасын таза, ұқыпты ұстауы керек. Бизнес мезелі табыстарының бір бөлігін абаттандыруға жұмсауы тиіс. Халыққа қызмет көрсететін сауда орындары заман талабына сай болуы керек, - деді Берік Уәли.

Облыс әкімі сауда орындары басшыларына, қала әкіміне сауда орындарын жаңғырту, абаттандыру бойынша жобаларын ұсынып, бекіттіруді тапсырды. Үш айдан кейін келіп, арнайы тексеретін айтты.

Айта кетейік, облыста «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасы аясында 44 іс-шарадан тұратын өңірлік жоспар бекітілді. 2025 жылға жоспарланған 32 іс-шара толық жүзеге асырылды. Былтыр бағдарлама аясында елді мекендерді санитариялық тазалау жұмыстарына 349 мың тұрғын, 15 906 ұйым және 6 371 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 182 мың аула, 3 055 сыябақ пен сквер, 1 315 ескерткіш маңы тазартылып, 10 564 әлеуметтік және 17 376 бизнес нысан қамтылды. 52 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылып, 70 511 түп жасыл желек отырғызылды.

2026 жылға арналған жоспар аясында 32 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Олар экологиялық білім беру және ақпараттық саясат, инфрақұрылымды дамыту және қоғамдық бастамалар мен эковолонтерлікті қолдау секілді үш бағытты қамтиды. Жоспарға сәйкес, биыл облыс бойынша 67 мың көшет отырғызу көзделіп отыр.

## ТУРИЗМ

# АЛАКӨЛ: ТУРИСТ КӨП, ТАЛАП ТА ЖОҒАРЫ

Алакөл - бүгінде еліміздегі ең тартымды туристік аймақтардың бірі. Жыл сайын көп жағалауына ағылған туристер саны артып, өңірдің инфрақұрылымы мен сервистік әлеуетіне жаңа талаптар қойылуда. Осы сұранысқа жауап беру үшін ауқымды жобалар жүзеге асырылып, Алакөл заманауи туристік кластер ретінде қалыптасып келеді.

Алакөл көлі республика бойынша ең көп баратын демалыс орындарының бірі ретінде соңғы жылдары ерекше қарқынмен дамып келеді. Суының емдік қасиетімен танылған көл жағалауында инфрақұрылымды жаңғырту мен қызмет сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын таппақ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгелдин мәлімдеді. Оның айтуынша, Абай облысының әкімі Берік Уәли берген тапсырмалар аясында демалушылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Соңғы жылдары Алакөл жағалауында инфрақұрылым айтарлықтай жақсарды. Қабанбай ауылында өрт сөндіру депосы салынып, пайдалануға берілді, ал көл жағалауында құтқару стансасы ашылды. Сонымен қатар 5 шақырым жағалау жолына асфальт төселіп, өрт қауіпсіздігін күшейту үшін қосымша ар-

найы техника берілді. Көптен бері қордаланған тұрмыстық қалдықтар мәселесі де кезек-кезектің шешімін табуда. Қабанбай ауылынан 7 шақырым жерде қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жолданды. Ал сұйық қалдықтарды өңдеу үшін модульдік тазарту құрылысын орнату бағытында жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Туризм саласы тұрақты өсім көрсетіп отыр. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша орналасу орындары көрсеткен қызмет көлемі 4,9 млрд теңгені құрады. Бүгінде облыста 327 орналасу астам туристік қызмет көрсетілген, оның ішінде 4 мыңнан астамы - шетелдік азаматтар. Бұл көрсеткіш шетелдіктердің де Алакөл көліне деген қызығушылығы артып келе жатқанын аңғартады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өт-



кендей, туризм — экономиканың маңызды драйверлерінің бірі, сондықтан бұл салаға басымдық беру — уақыт талабы. Өткен жылы Алакөл жағалауын абаттандыру жұмыстарына 1 млрд теңге берілген, биыл 2,4 млрд теңге қарастырылған. Биыл 40 киім ауыстыру орны, 25 модульді дәрехана, 100 қоқыс контейнері, 35 душ кабинасы және 35 ауыз су бұрқағын орнату жоспарланған. Сонымен бірге қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жасанды интеллект негізіндегі 115 бейнебақылау жүйесі енгізіліп, мобильді интернет желісімен толық қамту көзделген.

Бас жоспарға енгізілген өзгерістер-

ге сәйкес, туристік аймақтың аумағы 300 гектардан 3 000 гектарға дейін ұлғайтылып, күнделікті келушілер санын 20 мыңнан 75 мың адамға дейін арттыру жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде өңір экономикасына қосымша серпін береді.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында да ірі жобалар жүзеге асырылуда. Электрмен жабдықтау мәселесін шешу үшін құны 7,9 млрд теңгені құрайтын жаңа электр желілерін тарту жобасы әзірленген. Сонымен қатар жылына 15 мың тонна қалдық өндейтін полигон және таулігіне 3000 текше метр сұйық қалдықты тазартатын заманауи құрылыс салу көзделіп отыр. Жағалауды


нығайту жобасы бойынша ұзындығы 3 шақырымнан асатын учаскелер темір-бетон және габрион конструкцияларымен бекітіледі.

Аудан басшысының айтуынша, Алакөл жағалауында «Alakol medical tourism» ЖШС мен «Өзінбайжан Республикасының «АИК» ашық акционерлік қоғамы бірлесіп бес жұлдызды емдеу-сауықтыру кешенін салуды жоспарлауда. Сонымен қатар «Астана САНБАО» және «Тарбағатай Травел» серіктестіктері заманауи демалыс үйлерін салатын болады. Сондай-ақ ел көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Бақты — Аягөз» темір жолының құрылысы да аудан үшін маңызды жоба болып табылады. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары басталып, бұл жоба өңірге қосымша инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Цифрландыру да назардан тыс қалмаған. Барлық туристік қызметтер мен нысандар Abai Travel мобильді қосымшасына біріктіріліп, туристерге брондау, навигация және қажетті ақпаратты жедел алу мүмкіндігі ұсынылады.

Жалпы алғанда, Алакөл өңірі бүгінде тек табиғи демалыс орны ғана емес, қарқынды дамып келе жатқан туристік кластерге айналып отыр. Инфрақұрылымды жаңғырту, инвестиция тарту және заманауи технологияларды енгізу арқылы Абай облысы туризмнің жаңа деңгейіне көтеріліп, Алакөлді Орталық Азиядағы ең тартымды туристік бағыттардың біріне айналдыруға нақты қадам жасап отыр.

Руза АСАНҚЫЗЫ



## «БАРСЕЛОНА» ТАРИХЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ

15 жастағы қазақстандық футболшы Кәрім Меңдіқанов әйгілі «Барселона» клубымен келісім-шартқа қол қойды. Ол келесі маусымнан бастап командаға қосылады және «Барселона» тарихындағы алғашқы қазақстандық ойыншы атанбақ. Испан баспасөзі оны «қазақстандық гауһартас» деп атаған.

Кәрім 2022 жылы Испанияға көшіп, жергілікті жас-тар футболында шеберлігін дамытты. Өткен маусымда Сегунда клубында ойнап, биыл Sant Cugat FC құрамында қауіпті оң қанат шабуылшысы ретінде көзге түсті. Мамандар оның дриблингі, пас беру қабілеті, жылдамдығы мен қарсыласты алдау шеберлігін жоғары бағалайды.

Жазда Кәрім ресми түрде «Барселона» жүйесіне қосылып, тәжірибе жинайды. Алдағы уақытта ол Mediterranean International Cup турнирінде өнер көрсетуі мүмкін.

Politico.kz

## ҚАЗАҚСТАН ҚЫТАЙҒА ЭКСПОРТТЫ АРТТЫРДЫ

Соңғы жылдары Қазақстанның экспорт көлемі айтарлықтай өсім көрсетіп келеді. Әсіресе Қытаймен арадағы сауда-экономикалық байланыс қарқынды дамып, екі жақты тауар айналымы 2025 жылы 48,7 млрд АҚШ долларына жетті.

Қазақстан Қытай нарығына энергетикалық ресурстар, ауыл шаруашылығы өнімдері мен түрлі шикізат түрлерін тұрақты экспорттап келеді. Сонымен қатар, соңғы уақытта экспорт құрылымын өртарап-тандыруға басымдық беріліп, қайта өңделген және жоғары қосылған құны бар өнімдердің үлесін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Бұл үрдіс ел экономикасының нығаюына, жаңа нарықтарды игеруге және халықаралық саудадағы Қазақстанның рөлін қатты арттыруға мүмкіндік береді. Бұл туралы Арман Шаққалиев Қытайға ресми сапары барысында мәлімдеді.

## АҚШ-ТА НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНДЫ

Солтүстік Америка Қазақ қауымдастығы Вашингтон штатына қарасты алып шаһарда дүбірлі іс-шара ұйымдастырды. Сиеңл төрінде қазақтың өні шығарып, күйі күмбірледі. Мерекелік кешке, отандастарымыздан бөлек, өзге ұлт өкілдері мен америкалықтар да қатысты. Қонақтар халқымыздың салт-дәстүрімен танысып, ұлттық тағамдарымыздан дәм татты.

Наурыз мейрамына 250-ден астам отандастарымыз қатысып отыр. Бұл - біз үшін үлкен, ерекше мейрам. Тек жаңарудың, көктемнің мейрамы емес. Біз үшін ауызбіршілік, бірліктің мейрамы, - деді Солтүстік Америкадағы қазақ қауымдастығының президенті - Лиза Пірімжарова.

Солтүстік Америкадағы Қазақ қауымдастығы 2 жыл бұрын құрылған. Содан бері әр ұлттық мейрамды ерекше дәріптеп, ұлықтауға мән беріп келеді. Ұйым АҚШ-та халқымыздың мәдениеті мен дәстүрін танытып, насихаттап, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуды мақсат етеді.

24 kz

## NASA АЙҒА ҒАРЫШ КЕМЕСІН ҰШЫРДЫ

Адамзат араға 53 жыл салып, Айға сапар шекті. NASA төрт астронавты бар Orion ғарыш кемесін Space Launch System (SLS) зымыраны арқылы Айға ұшырды.

Ғарыш кемесі Флорида штатындағы Джон Кеннеди атындағы ғарыш орталығы алаңынан ұшырылған. Экипаж құрамында Рид Вайзман, Кристина Кох, Виктор Гловер және Джереми Хансен бар. Олардың міндеті - Айды айналып өтіп, Жерге қайта оралу. Миссияның ұзақтығы шамамен 10 күн болады.

Егер сәтті жүзеге асса, 2028 жылы Айды зерттеу бойынша ауқымды шаралар басталады. Осыған дейін адамзат Айға 1972 жылы қонған. Енді NASA бұл күрделі міндетті 2 жылдан кейін, бұрын-соңды зерттелмеген Айдың Оңтүстік полюсінде қайта жүзеге асыруға жоспарлап отыр.

inbusiness.kz

## ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЖЕРСЕРІГІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түркі елдері ұйымының біріккен спутникті озық технологиямен жабдықталып, ғылыми зерттеу мүмкіндіктерімен ерекшеленуі тиіс.

Ташкентте өткен Ғарыш агенттіктері басшыларының 5-ші жиынында жобаның мақеті таныстырылып, механизміне қатысты ұсыныстар айтылды. Біріккен жерсерікті ауышаруашылық, экология мен су саласында кеңінен пайдалану көзделіп отыр.

Түркі елдері ұйымының біріккен жерсерігі біздің елде жасалып жатыр. Себебі ғарыш саласында Қазақстанның тәжірибесі мол. Жобаға ер мемлекет өз үлесін қосады. Құрастыруға қатыспаған елдердің өзі қаржылай қолдау көрсетеді. Экспорттық келісім аясында Моңғолия, Нигерия және Конго мемлекеттеріне спутниктер жасалды. Радиолокациялық жерсеріктер ауа райының қолайсыздығына қарамастан үздіксіз хабар тарата алады.

## ПЛАСТИК ҰДЫСТАРДЫ САТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

1 сәуірден бастап Грузия аумағында бір реттік пластик ыдыс пен тағамға арналған контейнерлерді сатуға толық тыйым күшіне енді.

Енді бюджеттік ұйымдарға пластик стақан, контейнер және көлемі үш литрге дейінгі пластик құтыдағы сусындарды сатып алуға тыйым салынады. Бұл талап тек қорғаныс саласы мен әскери қызметшілердің қамтамасыз етуге арналған сатып алуларға қолданылмайды.

Белгіленген талаптарды бұзғаны үшін 1000 лари көлемінде айыппұл салынып, тауар тәркіленеді. Қайталанған жағдайда айыппұл 2000 лариге дейін өседі және өнім қайтадан тәркіленеді.

Министрлік бұл шектеулер тек экспортқа арналған пластик өнімдерінің өндірісіне қатысты емес екенін нақтылады. Аталған шаралар пластик тұтынуы азайтып, елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған.

Kaz.inform.kz

## БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ

### АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли азаматтарды қабылдау орталығында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.



Қабылдауға тиісті облыстық басқарма басшылары және Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев қатысты. Жеке қабылдау барысында тұрғындар жер телімдерінің рәсімдеуі, тарихи-мәдени мұраларды насихаттауға байланысты мәселелерді көтерді.

Аймақ басшысы қабылдауда азаматтардың өтініш-тілектерін тыңдап, түйтілді мәселелерді шешу жолдарын заңдық тұрғыда түсіндіріп, тиісті басқарма басшыларына, қала әкіміне нақты тапсырмалар берді. Облыс әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтар мен көтерген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын, жеке бақылауында болатынын айтты.

«ST» - ақпарат

## АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

### ТАСҚЫН ҚАУІП СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

Облыс аумағында көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық күшейтіліп, бірінші наурыздан бастап өңірлік аумақтық жүйе «жоғары дайындық» және «төтенше жағдай» режимдеріне ауыстырылды. Бұл шешім ықтимал қауіптердің алдын алуда бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі болды.

Ай-Керім ЖАҚЫП,  
«Semei tauy»

Республикалық «Көктем - 2026» командалық-штабтық оқу-жаттығу аясында өңірде халықты құлақтандыру жүйесі толық тексеруден өтті. Сонымен қатар азаматтық қорғау қызметтерінің ықтимал төтенше жағдайларға әрекет ету қабілеті сараланып, нақты жағдайға жақын форматта бағаланды.

Мамандардың болжамына сәйкес, облыстың бірқатар аудандары әлі де су тасқыны қауіп жоғары аймақтар қатарында. Осыған байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын азайту мақсатында күштер мен құралдардың жедел топтары жасақталып, өңірлік қағидат бойынша орналастырылды. Бұл қажет жағдайда күштерді жылдам қайта бөліп, әрекет ету уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Алдын алу шаралары шеңберінде бірқатар аудандарда нақты жұмыстар жүргізілді. Қар шығару, су бұру арналары мен арықтарды тазарту, еріген қар суын сорып шығару секілді кешенді шаралар іске асырылды. Қажет болған жағдайда қосымша күштер мен техникалар да тартылды. Мұндай жұмыстардың барлығы - жергілікті атқарушы органдар мен төтенше жағдайлар қызметінің үйлесімді әрекетінің нәтижесі.

Жалпы, облыста жағдай тұрақты деп бағалануда. Су деңгейлері қауіпті межеден төмен, өзендердегі мұз құбылыстары әлсіреп, су ағымы біртіндеп қалыпты арнаға түсуде. Ірі су қоймаларынан жіберілетін су көлемі де бақылауда.

Сонымен бірге мамандар белсенді тасқын кезеңінің негізгі бөлігі өткенін атап өтеді. Әсіресе оңтүстік

«Қазақстан Республикасының Сайлау туралы» заңына сәйкес, 2026 жылдың 31 наурызында Ділдар Қалиқанұлы Қалиқан Бесқарағай ауданының әкімі болып сайланды.

## ДІЛДАР ҚАЛИҚАН - БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

29 наурызда Бесқарағай ауданында өткен аудан әкімін тікелей сайлау қорытындысында Ділдар Қалиқан басыр дауыспен жеңіске жетті.

Ділдар Қалиқанұлы Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын бизнес құрылымдарында бастады. Әр жылдары Шығыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдары мониторингі бөлімінің бас маманы, Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Зайсан және Катонқарағай аудандарында әкімнің орынбасары, Катонқарағай ауданының әкімі, Абай облысы әкімінің кеңесшісі лауазымдарында еңбек етті.



2025 жылдың 25 желтоқсанынан осы уақытқа дейін Бесқарағай ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

«ST»-ақпарат

рымнан астам арық тазартылып, 25 су өткізу құрылысы орнатылған.

Елді мекендерден 457 мың текше метрден астам қар шығарылып, 168 мың текше метрге жуық еріген су сорылды. Өзендердің қауіпті учаскелерінде жағалауды бекіту, арналарды тереңдету және түзеу жұмысы жүргізілді. Қажетті қор ретінде 62 мың қап, 12 мың тонна инертті материал және 150 тонна жанар-жағармай дайындалды. Наурыз айының басында Ертіс, Үйі өзендері мен бірқатар ауылдар маңында мұз жару жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар су басу қауіп бар аумақтарда әуе мониторингі ұйымдастырылды.

Аймақ басшысы жиында қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударып, бірқатар нақты тапсырма берді.

Барлық деңгейдегі әкімдер мен жауапты мемлекеттік органдар су тасқыны қауіп жоғары кезеңде 24/7 режимінде жұмыс істеуі керек. Облыстың су басу қауіп жоғары барлық аумақтарында сағат сайын мониторинг жүргізу жүйесі енгізілуі қажет, - деді Берік Уәли.

Құзырлы қызметтер кез келген өзгеріске жедел әрекет етуге дайын.

## «XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»

Үржар ауданының оқушысы Эльнара Молданова XXI ғасыр көшбасшысы зияткерлік жобасында апталық ойынның жеңімпазы атанды. Қазақстандық оқушылардың талай буыны қызыға тамашалап, талай дарынның жұлдызын жаққан зияткерлік жоба жасөспірімдердің логикалық ойлау қабілетін дамытып, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға, білімді жастарды ел дамуына тартуға ықпал етеді.

## ЭЛЬНАРА - АПТАЛЫҚ ОЙЫННЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Эльнара Молданова қазіргі таңда Үржар ауданының Науалы ауылындағы Қойшыбай Төлеубеков атындағы орта мектептің 11-сыныбында оқиды. Ол бұған дейін де түрлі пәндік олимпиадаларда топ жарып, үздік нәтижелерімен кезге түсіп келеді. Бұл жеңіс - өңірдегі білім беру саласында жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың, ұстаздардың тынымсыз еңбегінің және дарынды жастарды қолдауға бағытталған бастамалардың айқын көрінісі.

Жобаның жаңа маусымы инновациялық жаңашылдығымен ерекшеленуде. Атап айтқанда, шешуші кезеңдегі сурет-сураттар алғаш рет жасанды интеллектің көмегімен дайындалған. Бұл - жоба форматының жаңарып, заманауи технологиялармен үндескенін көрсетеді.

Өз тілшіміз

## МАҚАНШЫ

### ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

Шекара шебінде орналасқан Мақаншы - тек стратегиялық маңызы бар аудан ғана емес, сонымен қатар әлеуеті мол, келешегі кемел өңір. Қайтадан аудан мәртебесін алғаннан бері еңсесі тіктеліп, даму қарқыны үдей түскен. Табиғаты көркем бұл өңір бүгінде туризмді дамытуға да ерекше ден қойып отыр. Инфрақұрылымы жақсарып, инвестициялық жобалар да жүзеге асырылуда. Бұл туралы аудан әкімі Дәурен Қойгелдин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында баяндады.

Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,  
«Semei tauy»

Аудандағы 11 ауылдық округке қарасты 18 елді мекенде бүгінде 24 771 адам тұрады. Аудан экономикасының негізгі тірегі - ауыл шаруашылығы. Сұлы, жаздық бидай, арпа және майлы дақылдар бойынша да жоғары көрсеткіштер тіркелді. Мәселен, жаздық бидайдан 24 мың тоннадан астам өнім жиналса, майлы дақылдардың көлемі 34 мың тоннадан асты. Жиын-терін науқаны жоспарға сай өтті, шаруалар қажетті жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілді, - деді Дәурен Бақытжанұлы.

Мал шаруашылығы саласында да өсім байқалады. Ет өндірісі 5 933 тоннаға жетсе, сүт көлемі 21 543 тоннадан асыпты, ал жұмыртқа өндірісі 5 миллионға жуықтаған. Ауданда 69 мың басқа жуық ірі қара, шамамен 129 мың қой-ешкі, 23 мыңға жуық жылқы және 43 мыңнан астам құс өсірілуде. Мал басын асырдыруға да жіті көңіл бөлінуде. 65 шаруашылық асыл тұқымды мал өсіруімен айналысады.

Аграрлық салаға тартылған инвестиция көлемі де артып отыр. Негізгі капиталға 854,3 млн теңге көлемінде инвестиция тартылып, өсім 189,3 пайызды құраған. Ауыл халқы мемлекеттің қолдауын да ке-



нінен пайдалануда. «Кең дала» бағдарламасы бойынша егістік жұмыстарын жүргізуге 15 шаруашылыққа 393 млн теңгеден астам қаржы бөлінсе, «Агробизнес» бағдарламасы арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту мақсатында екі қожалық 56 млн теңге көлемінде қаржы алған. Сонымен қатар 448 млн теңгеге ауыл шаруашылығы техникалары лизингке алыныпты.

Аграрлық салада ғана емес, жалпы ауданға тартылған инвестиция көлемі артқан.

Аудан бойынша негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 23 млрд 466,5 млн теңгені құрап, өсім 265,3 пайызға жетті. Оның ішінде жеке қаражат есебінен салынған инвестиция көлемі - 6 млрд 408,9 млн теңге, өсім - 138,7 пайыз. Инвесторларды тарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы ретте Мақаншы ауылында «Di-Nur company» ЖШС жүзеге асырып жатқан «Жайтөбе май» май тарту зауыты өңірлік жобалар пулына енгізілді.

Жобаның құны 7 млрд теңге, нәтижесінде 120 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар аталған серіктестік қоспа жем шығаратын зауытты іске қосып, қазіргі уақытта асфальт зауытының құрылысын жүргізуде, - деді Дәурен Қойгелдин.

Бұдан бөлек, «Qazaq Oil» акционерлік қоғамы Мақаншы - Жалаңашкөл жолының бойында жанар-жағармай құю станциясын іске қосқан. Құны 250 млн теңгені құрайтын бұл жобаның туристік маусымда жанар-жағармай тапшылығы туындайтын бұл өңір үшін маңызы зор екені сөзсіз. Сонымен қатар Мақаншы ауылында «Royal Retro» жанар-жағармай құю станциясын салу үшін жер телімі берілсе, Қаратал ауылдық округі маңында «Лукойл» компаниясының жанар-жағармай құю станциясын салу жоспарланып отыр.

Аудан орталығында жергілікті инвесторлардың қолдауымен 50 орындық «БАҚ-АНА» қонақ үйі бой

көтеріп, пайдалануға берілді. Құны 200 млн теңге болатын аталмыш жоба да аудан экономикасының нығаюына үлес қосады.

Мақаншы ауданының туристік әлеуеті зор. Алақөл көлінде демалушылар саны жылдан-жылға артып келеді. Облыс әкімі Берік Уәлидің тапсырмасына орай көл жағалауын абаттандыру бойынша бірқатар жобалар жүзеге асады. Сонымен қоса заманауи демалыс үйлерін салу да көзделіп отыр.

Ауданның инфрақұрылымын дамыту мәселесі де басты назарда. Бұлттыр осы мақсатта 1 млрд 755 млн теңге бөлініп, 41 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда Алақөл жағалауына апаратын жол, Көктал, Бақты, Келдімұрат, Қаратұма және Мақаншы ауылдарының ішкі көшелері жөнделді. «Жол сапасын жақсарту - тұрғындардың өмір сапасын арттырудағы маңызды міндеттердің бірі, - деді аудан әкімі.

Сондай-ақ жергілікті халықты таза ауыз сумен қамту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасын табады. Аудан бойынша ауыз сумен қамту деңгейі 84,6 пайызды құрайды. Қабанбай және Бекет ауылдарында су құбырларының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Әкімнің айтуынша, бұл бағытта жұмыстар да кезең-кезеңімен жалғасын табады.

Ауданда интернет мәселесі әлі де өзекті.

Қазіргі таңда елді мекендердің 77,8 пайызы ғана интернетпен қамтылған, ал төрт ауылда байланыс жоқ. Бұл мәселені шешу үшін тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр, - деді аудан әкімі.

Жалпы, Мақаншы ауданында негізгі салаларда оң динамика байқалып отыр. Алдағы уақытта жүзеге асатын жобалар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бермек.

СПОРТ

**Облыс әкімі Берік Уәли Германияның Инцель қаласында өткен конькимен жүгіруден жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен кездесті.**

**ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ**



27 ақпан мен 1 наурыз аралығында өткен жасөспірімдер арасындағы конькимен жүгіруден әлем чемпионатында облыс спортшылары жоғары деңгейде өнер көрсетті. Кездесу барысында аймақ басшысы спортшылар мен олардың жаттықтырушысына алғыс айтып, алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындыруға тілектестігін білдірді.

«Бүгінде мемлекет тарапынан спортты дамытуға, соның ішінде балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауға ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және спорт инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру қажеттігін бірнеше рет атап өткен болатын. Осыған сәйкес Абай облысында да спорт инфрақұрылымын дамыту мен талантты спортшыларды қолдауға арналған көшенді шаралар жүзеге асырылып келеді. Сіздердің жетістіктеріңіз – атқарылып жатқан жұмыстың нақты нәтижесі. Алдағы уақытта да халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап, жаңа белестерді бағындыра бересіздер деп сенемін», – деді Берік Уәли.

Шара барысында әлем чемпиондары Вадим Чебардаков пен Анастасия Беловодоваға және олардың жеке бапкері Ильмира Хамитоваға құрмет көрсетіліп, облыс әкімінің алғыс хаты мен арнайы сертификат табысталды. Спортшылардың жаттықтырушысына «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі берілді. Спортшылардың жеке бапкері өз ризашылығын білдірді.

«40 жылға уақыт бапкер болып жұмыс істеймін. Шәкірттеріміз осындай тарихи жетістікке жеткені – облыстың ғана емес, елдің мұрагері. Абай облысының спортшыларының жоғары деңгейде өнер көрсетіп жатқаны зор қуаныш. Алда – Азия ойындары. Енді соған дайындалатын боламыз», – деді Ильмира Хамитова.

Айта кетейік, Вадим Чебардаков масс-старт бөкесінде 5:29.87 уақыт көрсеткішімен мәреге бірінші болып жетіп, алтын медаль иеленді. Ал қыздар арасындағы командалық спринт сайысында Қазақстан құрамасы жоғары нәтиже көрсетіп, әлем чемпионы атанды. Құрама сапында өнер көрсеткен Абай облысының спортшысы Анастасия Беловодова командаластарымен бірге ел намысын абыроймен қорғап, алтын жүлдеге қол жеткізді.

**Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі**

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

**«ШӘКӘРІМ БІЛІМ ГРАНТЫ» ЖАС ТАЛАНТТАРҒА ЖОЛ АШАДЫ**

**Шәкәрім университеті Абай облысы Білім басқармасымен бірлесіп, университеттің 1963 жылғы түлегі, бітіргеннен бастап оқу орнында 55 жыл үздіксіз қызмет істеген, Қазақстанның және КСРО-ның білім беру ісінің үздігі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қинаят Шаяхметұлының туғанына 85 жыл толуына орай мектеп оқушылары арасында «Шәкәрім білім гранты» жүлдесі үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен республикалық олимпиаданың II кезеңін және «Филологиялық білім: дәстүр және жаңашылдық» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік семинарын өткізді.**

Тағылымды іс-шараға еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары мен тәжірибелі педагогтер қатысты. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Әсел Шаяхмет, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ тілі білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қаныш Бибеков, облыстық инновациялық-әдістемелік орталығының «Орта білім берудегі оқыту мазмұны» бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері Дана Отынбаева, сондай-ақ университет оқытушылары мен өңір мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері бас қосты.

Семинардың ашылуында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов пен Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Гүлнұр Сағанаева құттықтау сөз сөйлеп, Қинаят Шаяхметұлының ғылым мен білім саласындағы өлеуісіз еңбегін ерекше атап өтті.

Арап Сіләмұлы өз сөзінде замандас әріптесінің адами болмысына, ұстаздық келбетіне тоқталып, оның білімдарлығы мен парасаттылығын тебірене еске алды. Ғалымның өмір жолынан сыр шертіп, қызықты естеліктерімен бөліскен ол:

«Өзі сіне мығым, ары таза, парасаты биік Қинаят Шаяхметұлымен бірге қызмет атқарғаным – мен үшін үлкен мәртебе. Сол бір ұмытылмас жылдар – ғұмырымыздың ең жарқын кезеңдерінің бірі. Ұстаздардың ұстазы болған Қиеккеннің өнегелі жолын шәкірттері лайықты жалғастырады деген сенімдемін», – деп түйіндеді.

Ал «Абай және ұлттық руханият» ғылыми орталығының басшысы Ақмарал Смағұлова ұстазы жайлы естеліктерін былайша өрбітеді:

«Тіл біліміне кіріспе» пәнінен сабақ берді Қинаят аға. Түсі суық, айнымайтын бір ғана дауыс ырғағымен бірінші дәрес өтті. Ұққанымыз шамалы. Жазып алғанымыз да мез емес. «Үлгермей қалдық, ағай, қайталап жіберіңізші» дегуе ешқайсымыздың батылымыз жетпеді.

Біреп апта өтпей жатып-ақ барлығымыз төселіп алдық. Үзілісте дәптерімізді ашып, соңғы жазғандарымызға көз жүгіртіп қоямыз. Себебі ағай еск келгенімізден қай жерге келдік деп сұрайды да, іле жалғастырып жүре беретін, не бір қағазға, не бір кітапқа қарамайды. Бас аламан айтқанын жаза бересің, жаза бересің... Кейініректе ұстазымыздың жұмысқа іздеп келіп, кітабын арнайы табыстауы мен үшін зор абырой еді. «Ақмаралға. Құрметпен



Қ.Шаяхметұлы» деген белгі салыпты. «Саған арнайы өкелдім», – деп табыс етті. Ұстазымнан өзіме деген мұндай құрметті күтпедім, әрине, тосылып қалдым. Рақметті жаудырып жатырмын. Бір кездері тым қатал көрінетін ардақты ұстазың іздеп келіп еңбегін табыс етсе, одан асқан мәрей мен мәртебе бар ма шәкірті үшін.

Студент шағымызда Қинаят аға «Әйтеуір оқу үшін оқыма керек» деген сөзді жиі қайталайтын. Төрт жыл бойы естідік ағайға тиесілі осы мәтелді. Естіген сайын, қалай сонда «Әйтеуір оқу үшін оқыма керек» деп мен таң қалатынымын. Ақиқатында, осы сөздің астарында терең мән жатыр екен...

Семинар барысында ғылыми баяндамалар тыңдалып, филология ғылымының өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты Эльмира Сәмекебаева «Қ.Шаяхметұлы және тілдік концепция: жаңа ғылыми бағыттар тоғысында» атты баяндамасында ғалым мұрасының заманауи тіл біліміндегі орны мен маңызын саралап, оның ғылыми тұжырымдарының бүгінгі зерттеулермен сабақтастығын жан-жақты талдады. Ал Қаныш Бибеков «Педагогтердің кәсіби дамуы мен аттестаттаудың өзара сабақтастығы» тақырыбындағы баяндамасында білім беру жүйесіндегі сапаны арттырудың негізгі тетіктеріне тоқталып, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мен бағалау үдерісінің өзара байланысын нақты мысалдармен

дәлелдеді. Қатысушылар филологиялық білім берудің дәстүрлі негіздері мен заманауи үрдістерін ұштастыру, ғылыми мұраны жаңғырту, ұстаз тәжірибесін жетілдіру бағытында пікір алмасып, құнды ұсыныстарын ортаға салды.

«Шәкәрім білім гранты» жүлдесі үшін өткен білім сайысы дарынды жастардың қабілетін шыңдап, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталды. Олимпиада барысында қатысушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен тапсырмаларды орындап, шығармашылық қабілеттерін де танытты. Нәтижесінде үздіктер анықталып, жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталды.

Байқау қорытындысы бойынша, Ақниет Ибрагим I орынды иеленіп, «Шәкәрім білім гранты» жүлдесінің иегері атанды. Бұл жетістік – талап пен табандылықтың, білімге деген құштарлықтың айқын дәлелі.

Іс-шара тек білім сайысымен шектелмей, өнер мерекесіне де ұласты. Қатысушылар арнау өлеңдерін оқып, ән шырқап, өз өнерлерін ортаға салды. Университеттің өнер кафедрасының білім алушылары да сахна төрінде өсем әндерін әуелетті.


Аталған олимпиада жас ұрпақты білімге ынталандырып қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға үлкен үлес қосатын маңызды алаңға айналды.

**Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі**

ДЕНСАУЛЫҚ

**ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ - ҰЛТ САУЛЫҒЫ**

**Бала денсаулығы - ұлт болашағы. Сәби дүние есігін ашқан сәттен бастап оның денсаулығын, өсуі мен дамуын жіті қадағалауға алатын маман – педиатр дәрігер. Педиатр - сәбидің анасынан кейінгі екінші қамқоршысы, оның сенімді қорғаны. Бүгін біз тәжірибелі бала дәрігері, өз ісінің нағыз шебері - облысымыздың бас педиатры Мәдениет Дайрабаевамен өрбіген сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.**



– Мәдениет Битемірқызы, алдымен өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз. Медицина саласында еңбек етіп келе жатқаныңызға 30 жылдан асыпты, бұл мамандыққа қалай келдіңіз?

– Иә, менің балалар дәрігері ретінде еңбек етіп келе жатқаным 30 жылдан асты. Бұл мамандықты таңдау үшін ең алдымен баланы шын жүректен жақсы көру керек деп есептеймін. Ал өзім дәрігер мамандығына бала кезімнен қызығатынымын. Анамның айтуынша, бір жасымда қатты ауырып, ауыр жағдайға түскен екенмін. Сол кезде ауылдағы фельдшердің (Мария апай) көмегімен аман қалыппын. Ата-анам өкінісі ерекше сыйлап, құрметтейтін, әрдайым маған үлгі етіп отыратын. Бұл менің медицинаға деген қызығушылығымның оянуына әсер етсе керек. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде белсенді болдым, әр түрлі шығармашылық сайыстарға қатыстым. Мектеп бітіру кешінде ұстаздарымның алдында сөз сөйлеп, «дәрігер боламын» дедім. Сөзімде тұрдым, Семей медицина институтының педиатрия факультетіне түстім. Еңбек жолымды дәрігер-ординатор болып бастап, учаскелік педиатр, пульмонолог, бөлім меңгерушісі және каланың бас педиатры қызметтерін атқардым. Осы уақыт ішінде мол тәжірибе жинадым. Менің басты мақсатым – бала денсаулығын сақтау, салауатты ұлт қалыптастыруға өз үлесімді қосу. Мамандығым өзіме ұнайды, балаларды жақсы көремін. Өзім де ана болғаннан кейін, сәбилердің аман-сау болуын тілеймін. Алдыма келген әрбір ата-ана мен баланың үмітін ақтау – әрі кәсіби міндетім, әрі адамдық парызым. Осы жылдар ішінде қаншама баланың сауығып кетуіне себепкер болдым. Ата-ананың қуанышын көру өзіңе де қуаныш сыйлайды.

– Облыста педиатриялық көмек қалай ұйымдастырылған? Бала денсаулығын нығайту, түрлі ауруларға шалдығуының алдын алу мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Абай облысы құрылғаннан бері денсаулық сақтау саласына, оның ішінде педиатрия саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Педиатрия нәрестеден бастап жасөспірім шаққа дейінгі (18 жасқа дейін) балалар денсаулығын сақтауды, физикалық және психологиялық дамуын бақылауды қамтиды. Балалардың саулығы, аурулардың алдын алу басты назарда. Осы мақсатта жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелер скринингтік тексерулерден өткізіледі. Туа біткен ақаулар анықталған жағдайда ата-аналармен жұмыс жүргізіліп, мультидисциплинарлық топтың қатысуымен кеңес беріледі.

Қаладағы емханалар мен алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында, педиатрия бөлімшелерімен

қатар, Ерте араласу және дамыту орталықтары, баланы дамыту кабинеттері, патронаждық медбикелер кабинеттері және мектеп медицинасы кабинеттері жұмыс істейді. Онда баланы скринингтен өткізу, жеке оңалту бағдарламалары жасалады.

Баланың толыққанды дамуы кешенді тәсілді талап етеді. Осыған байланысты педиатр, бейінді дәрігерлер, психолог, әлеуметтік қызметкер, реабилитолог және патронаждық медбикелерден құралған команда жұмыс істейді. Ерте жастағы балаларға медициналық көмек көрсету патронаж қызметінің әмбебап-прогрессивті моделі негізінде жүзеге асырылады. Бұл жүйе арқылы жүкті әйелдер мен балалардың денсаулығына байланысты қауіптер анықталып, бақылау пакеті жоспарланады.

Сондай-ақ ауыр жағдайда туған немесе шала туған нәрестелерге бақылау жүргізу үшін облыстық перинаталдық

орталық жанында катамнез кабинеті жұмыс істейді.

Қалада балаларды оңалтуға арналған бірқатар орталықтар да бар. «Тоқтамсы» және «Қамқорлық» балалар оңалту орталықтары, сондай-ақ №№1, 6, 7, 8 емханалар базасындағы оңалту бөлімдері қызмет көрсетуде. Жалпы, өңірімізде бала денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу және сапалы медициналық көмек көрсету бағытында кешенді жұмыстар жүргізіліп келеді.

– Балалар дәрігері болудың жауапкершілігі туралы не айтасыз?

– Педиатр – үлкен жауапкершілік талап ететін мамандық. Бұл саланы таңдаған адам, өз кәсібінің шебері болумен қатар, шыдамды, жанышыр жан болуы керек. Педиатр – бала денсаулығының қорғаушысы, бала жанының зерттеушісі ғана емес, оның дамуына

бағыт-бағдар беретін маман. Осы жолда жауапкершілікті әрдайым бірінші орынға қойып келемін.

Педиатрияның ең басты миссиясы – ауруды уақтылы анықтап, емдеу және алдын алу. Емдеуді мүмкіндігінше ертерек бастау, патологияның белгілерін уақтылы анықтау арқылы бала өмірін сақтау – ең маңызды міндет. Барлық күш-жігерімді осы мақсатқа жұмысаймын және әріптестерімнен де осыны талап етемін.

– Жас аналар бала күтіміне қатысты қандай қателіктер жібереді?

– «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Баланың денсаулығына қамқорлық жасау - ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Жас ана шаршайды, түнде тұрып нәрестесін емізгеннен кейін оны өзімен бірге алып жатады да, ұйықтап кетеді. Мұндай әдеттер кейде қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан бала қауіпсіздігін бірінші орынға қою керек.

Сәбилерге дұрыс күтім жасау өте маңызды. Ең бастысы – баланы дұрыс тамақтандыру. Нәрестені ана сүтімен емізудің пайдасын беріміз жақсы білеміз. Ана сүтін емген баланың иммунитеті жоғары болады. Алайда бала жақсы дамып, дені сау болуы үшін анасы дұрыс тамақтануы тиіс.

Екіншіден, тазалыққа мән беру керек: бала жататын бөлмені жиі желдету, жуу, сәбиді таза ауаға шығару – осының бәрі өте маңызды. Баланың жеке төсек орны болуы міндетті. Сәбидің дені сау болу үшін, ана өзін де күтуі керек. Спортпен шұғылданду, таза ауада серуендеу, табиғи өнімдерді тұтыну, көңіл-күйдің жақсы болуы – денсаулықтың айнымас серігі.

– Дәрігерлік қызмет пен ата-аналық міндетті қатар алып жүру қиын емес пе? Сіз үшін отбасының қолдауы қаншалықты маңызды?

– Қызмет пен отбасын қатар алып жүру, әрине, әйел адамға оңай емес. Әйелдер шаңырағының жылуын сақтап, ұрпағына өнеге көрсетумен қатар, әр салада еңбек етіп, еліміздің дамуына үлес қосады. Ондай аналарды шынайы құрметке лайық деп білемін. Қызметімді отбасыммен қатар алып келемін. Бұл менің саналы таңдаған жолым. Қай салада болмасын

әйел адамға ең алдымен отбасы мен жақындарының қолдауы қажет. Дәрігер мамандығының бір ерекшелігі де сол – күн демей, түн демей, телефон арқылы ата-аналар хабарласып жатады, оларға ақыл-кеңес береміз. Мұның бәріне отбасым түсіністікпен қарайды. Адамның айналасындағы жағдайлар оның көңіл-күйіне тікелей әсер етеді. Отбасында түсіністік болса, әйел адам алаңсыз еңбек етеді.

– Сіз үшін әйел бақыты неде?

– Менің бақытым – отбасымның амандығы, балаларымның мейірімі мен сүйіспеншілігі, туыстарымның татулығы мен берекесі. Аспанымыз ашық, ел іргесі тыныш, жұртымыз аман болса – үлкен бақыт. Қызметте де, отбасында да жүрегің тыныш болса, өмірде барлығы өз орнымен болса, мен мұны шынайы бақыт деп есептеймін.

– Бос уақытыңызды қалай өткізесіз, Сізді не шабыттандырады?

– Өн айту, жүзу және жаяу жүру деп еш ойланбастан жауап берейін. Бір-бірімізден қол үзбеген балалық шақтың, студенттік кездегі достарым, жақын араласатын әріптестер, дос-жарандарым бар. Солармен ара-тура кездесіп, еңгімелесіп, өткенді еске алып бір марқайып қаламыз. Өмірімде кездескен әрбір жанға алғысым шексіз.

– Медицина саласын таңдаған жастарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Дәрігер мамандығын таңдаған әрбір адам ең алдымен үлкен жүректі, мейірімді болуы керек. Сонымен қатар шыдамдылық, табандылық қажет. Шыдамды, балаларды жақсы көретін, дәрігер мамандығын шын ниетпен таңдаған, жауапкершілігі жоғары адамдар ғана осы саланың нағыз маманы болып шыға алады. Педиатр ата-аналардың сенімді тірегіне айналуы керек. Қазіргі таңда медицина саласы қарқынды дамып келеді, сондықтан мықты маман болу үшін ізденімпаз болу керек, яғни өмір бойы оқып, өзін жетілдіріп отыру керек. Жалпы, оқу бітірген студенттер еңбек жолын ауылдан бастағаны дұрыс деп ойлаймын. Сонда нағыз маман болады. Себебі қалада мүмкіндік көп. Қиын сәтте мамандардан кеңес алады. Ал ауылда өзін шешім қабылдап үйренесің. Нағыз бала дәрігері тек емдеп қана қоймайды, ол сәбидің тілін таба алатын психолог болуы керек. Педиатрдың бойындағы ұстамдылық пен төзімділік – кішкентай пациенттердің тез сауығып кетуіне септігін тигізетін басты қасиет.

– Сұхбатыңызға рақмет!

**Сұхбаттасқан  
Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,  
«Semei tanu»**



## АҚСУАТ

## КӨПІР ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Ақсуат ауданының әкімі Еркін Ескендіров Тебіске өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.

Аталған нысан ауылдар арасындағы қатынасты қамтамасыз ететін маңызды инфрақұрылымдық объектілердің бірі. Сондықтан көпірдің сапалы әрі уақтылы жөнделуі тұрғындардың қауіпсіздігі мен көлік қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие.

Мердігер мекеме – «ВостокМонтажИнжиниринг» ЖШС өкілінің мәліметінше, құрылыс жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатыр.

Жаңғырту жұмыстары толық аяқталғаннан кейін жол қатынасы жақсарып, тұрғындардың қатынасы жеңілдей түседі. Бұл өз кезегінде ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізбек.

## АЛТЫН ОЛЖАЛАДЫ

Қостанай қаласында 28–30 наурыз аралығында бір көтеру спортынан жастар мен жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Осы жарыста Ақсуат ауданының Бұқаралық және ұлттық спорт ойындары орталығының оқытушы-жаттықтырушысы Әділет Аманжоловтың шәкірттері жоғары нәтиже көрсетіп, алтыннан алқа тақты.

Атап айтқанда Ералы Рашид (43 келі), Бекнұр Ержанұлы (68 келі), Қарлығаш Едигаримова (+43 келі), Ертай Есен (48 келі) және Ақкербез Орынбекқызы (43 келі) өз салмақ дәрежелерінде үздік шықты.

## Аяғөз

БІЛІМ САЙЫСЫНДА  
ТОП ЖАРДЫ

Әлихан Бөкейхан университетінде облыс мектептерінің 11-сынып оқушылары арасында дәстүрлі пәндік олимпиада өтті. Олимпиада «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша 2 кезеңде ұйымдастырылды.

Бірінші кезеңде қатысушылар «Әлихан Бөкейхан идеяларындағы мемлекеттіліктің құқықтық негіздері» тақырыбында эссе жазды. Үздік нәтижелер көрсеткен 16 оқушы екінші кезеңге – бейіндік тестке жолдама алды.

Олимпиада қорытындысы бойынша, Аяғөз қалалық қазақ мектеп-лицейінің оқушысы Айжұлдыз Әділова 3-орынды иеленіп, 2026-2027 оқу жылында Әлихан Бөкейхан университетінде 25 пайыз жеңілдікпен білім алу мүмкіндігіне ие болды. Жетекшісі – Гаухар Әділова.

МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗМЕТТЕР  
ЖӘРМӨҢКЕСІ

Аяғөз ауданы әкімдігінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған маңызды іс-шара – мемлекеттік қызметтер жәрмөңкесі ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында жауапты бөлімдердің мамандары тұрғындарды жеке қабылдап, жер қатынастары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, сәулет, қала құрылысы және құрылыс, тұрғын үй қатынастары, экономика және ауыл шаруашылығы салалары бойынша өтініштерін тыңдады. Әрбір сала маманы тұрғындардың мәселесіне мұқият ден қойып, заң аясында шешу жолдарын ұсынды.

Жәрмөңкеге келген азаматтар өздерін толғандыратын сұрақтарын тікелей мамандарға қойып, қажетті ақпараттар алды. Жәрмөңке барысында сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, қажетті құжаттар тізімі, электронды қызметтерді пайдалану жолдары түсіндірілді.

## БЕСҚАРАҒАЙ

## ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

Бесқарағай ауданында көктемгі су тасқыны қаупінің алдын алу және елді мекендердің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ауыл көшелеріндегі қарды шығару, суағарлар мен арықтарды тазарту, еріген қар суы жиналған аумақтарды сорғыту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Қазіргі таңда көшелердегі қарды шығару жұмыстары негізінен аяқталды, арықтар мен суағарларды тазарту жалғасуда. Су тасқынының алдын алу мақсатында қар суы мол жиналған жерлерде су сору станциялары мен арнайы сорғыштар қолданылып, артық су сорылып алынууда.

Тұрғындардан түскен өтініштер жедел қаралып, тиісті шаралар қабылдануда.

## СЕМЕЙ

ЖАСЫРЫН ЦЕХТЫҢ  
ҚЫЗМЕТІ ТОҚТАТЫЛДЫ

Семей қаласында заңсыз алкоголь өнімін өндіретін жасырын цехтың қызметі тоқтатылды. Бұл шараны Қаржылық мониторинг агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті прокуратураның үйлестіруімен және Семей қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп жүзеге асырды.

Өнімдер әр түрлі орындарда дайындалып, танымал бренд атауымен шөлмектерге құйылып, жалған маркалармен сатылған.

Тінту кезінде 12 мыңнан астам шөлмек алкоголь, 8 мың бос бөтелке, 10 мың литрден астам спирт және арнайы құрал-жабдықтар тәркіленген.

Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу жалғасуда.

«СТ» - ақпарат

## АҚСУАТ

## ҚАНДАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда аудан әкімі Еркін Ескендіров шетелден тарихи отанына оралған қандастардың тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік жағдайымен танысып, өзекті мәселелерін тыңдау және қолдау шараларын нақтылау мақсатында бірқатар ауылдық округтерде болып қайтты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,  
«Semei tañy»

Ақсуат ауданында мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан көші-қон саясаты тұжырымдамасы аясында ауылдық елді мекендерді дамыту және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану шаралары жүзеге асырылды.

Аудан басшысы сапарын Көкжыра ауылдық округінен бастады. Әкім Көкжыра ауылына Қытай мемлекетінен көшіп келген отбасында болып, тұрмыс жағдайымен танысты. Жүздесу барысында отбасы мүшелерінің жаңа ор-

таға бейімделуі, жұмыспен қамтылуы және мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану мәселелері талқыланды.

Еркін Кәдірбекұлы келесі кезекте ат басын Сәтбаев ауылдық округіне қарасты Көктүбек ауылына бұрып, көші-қон бағдарламасы аясында Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданынан қоныс аударған қандастардың отбасымен жүздесіп, тұрмыстық мәселелері мен алдағы жоспарлары туралы әңгімелесті. Кездесу барысында Еркін Кәдірбекұлы мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары мен бағ-

дарламаларға кеңінен тоқталып, қоныс аударушыларға барынша қолайлы жағдай жасау басты міндеттердің бірі екенін атап өтті. Әсіресе жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту және әлеуметтік бейімдеу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Ауылдық округ әкімінің айтуынша, биыл Көктүбек елді мекеніне өкіл отбасы қоныстанып үлгерген. Алдағы уақытта тағы тоғыз отбасы көшіп келуге ниет білдіріп отыр. Бұл өңірдің демографиялық және экономикалық әлеуетін арттыруға оң әсерін тигізетін белгілі.

Қоныс аударған отбасылармен кездесулерде аудан басшысы қандастарды ел дамуына үлес қосып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріне белсенді араласуға шақырды.

Жалпы, көші-қон саясаты тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар ауылдық жерлерді дамытуға, еңбек күшін ұтымды пайдалануға және қандастарды тарихи отанында тұрақтандыруға бағытталған. Мұндай кездесулер жаңа қоныстанушылардың қоғамға тез бейімделуіне және олардың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



## БЕСҚАРАҒАЙ

## «ЕКІНШІ ӨМІР СЫЙЛА» АКЦИЯСЫ

Әлемде күн сайын тұтыну көлемі артып, қоршаған ортаға түсетін жүктеме көбейіп жатқан заманда «қалдықсыз өмір салты» ұғымы айрықша маңызға ие болуда. 30 наурыз күні бүкіл әлемде Халықаралық қалдықсыз күні аталып өтті.

Бұл күн БҰҰ-ның Қоршаған орта бағдарламасы мен БҰҰ-Хабитат бастамасымен бекітілген. Оның мақсаты – қалдықтар мәселесінің күрт ұшығып бара жатқанына назар аудару және өндіріс пен тұтынудың тұрақты үлгілеріне көшу қажеттігін көрсету.

Бесқарағай ауданында Халықаралық қалдықсыз күні шеңберінде «Кітапқа екінші өмір сыйла» атты ерекше акция ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – ескірген кітаптарды қоқысқа тастамай, өзге оқырманға сыйлап, олардың ғұмырын ұзарту, сондай-ақ кітап оқу мәдениетін насихаттау.



Акция барысында аудан тұрғындары бір-біріне кітап сыйлап, өзара рухани байланыс орнатты. Бірі сүйікті шығармасын ұсынып жатса, енді бірі ұзақ уақыт іздеген кітабына қол жеткізіп, қуа-

нышқа кенелді. Осылайша, қарапайым ғана кітап алмасу тұрғындар арасында жылы қарым-қатынасты қалыптасуына ықпал етті.

Іс-шара барысында әр түрлі жанрдағы әдебиеттер - көркем шығармалар, балаларға арналған кітаптар, танымдық басшылардың жаңа иелерін тапты. Көпшілік бұл бастаманы қуана қолдап, болашақта да жалғасын табуына тілектестік білдірді.

«Кітапқа екінші өмір сыйла» акциясы – қалдықсыз өмір салтын насихаттаудың тиімді жолы. Себебі кітапты сақтау арқылы ағаштардың өмірін ұзартамыз. Бір ағашты өсіру үшін кем дегенде 10 жыл қажет екен. Сондықтан рухани жан азығы саналатын кітапты ұқыптылықпен пайдаланған жөн. Сонымен қатар бұл – рухани байлықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуының айқын белгісі, - дейді акцияны ұйымдастырушылар.

Осындай игі шаралар арқылы қоғамда экологиялық жауапкершілікпен қатар, кітапқа деген құрмет те арта түседі. Өйткені кітап – тек білім көзі ғана емес, ол – уақыт пен кеңістікті жалғайтын рухани көпір.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

## ҮРЖАР

## ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Аудан әкімдігінде аудан әкімі Ақылбек Башимбаевтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген әкімдік отырысы өтті. Маңызды мәселелерді қамтыған бұл жиынға ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары мен жауапты сала мамандары қатысып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті бағыттар жан-жақты қаралды.

Ай-Көркем МАҚЫШ,  
«Semei tañy»



Күн тәртібінде бірнеше маңызды мәселе көтерілді. Көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы жайлы Үржар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ерзат Болатов баяндады. Болжамға сәйкес, 2026 жылы Үржар ауданы бойынша егілетін егістік көлемі 114 354 гектар болады деп жоспарлануда. 31 914 гектар алқапқа денді дақылдар, 50 231 гектарға майлы дақылдар, оның ішінде 49 504 гектарға күнбағыс, 29 000 гектарға мал азықтық дақылдар, 700 гектарға картоп, 2 509 гектарға көкөніс пен бақша өнімдері егілмек.

Бөлім басшысының айтуынша, 4 274 тонна тұқым егіске дайындалып, «Қазақгекс» зертханасында қайта тексеруден өткізіліп жатыр. Ауданда «АлемАгро» және «Астана-Нан» ЖШС филиалдары жұмыс істеп, күнбағыс гибридері, минералды тыңай-

тқыштар мен пестицидтерді шаруашылықтарға жеткізуде. Сонымен қатар, «ОХМК», «Сингента» және «AllAgro» ЖШС мекемелері түрлі тұқымдарды шаруашылықтарға ұсынуда. Дала жұмыстарын жүргізуге шаруашылықтарда 1721 трактор, 521 соқа, 83 плоскорез, 238 культиватор, 148 лушлицник, 401 борона және 616 сепалка бар. Барлық техника көктемгі дала жұмыстарына дайын.

Сонымен қатар, жиында аудан көлеміндегі фитосанитариялық қауіпсіздік жағдайы да кеңінен сөз болды. Зиянкестер мен өсімдік ауруларының алдын алу, олармен күрес шараларын күшейту, мониторинг жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігі атап өтілді. Бұл бағыттағы жұмыстардың сапалы орындалуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасына тікелей әсер ететіні белгілі.

Жиында ауыл шаруашылығы малдарының аса қауіпті ауруларының алдын алу және жою мәселелері де қаралды. Мал дәрігерлік қызметтің дайындығы, вакцинация жүргізу, індеттің таралуына жол бермеу шаралары сөз болды. Сонымен қатар, малдарды таңбалау және есепке алу жұмыстарының өзектілігі атап өтіліп, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелеу қажеттігі айтылды.

Күн тәртібіндегі тағы бір маңызды мәселе – өрттің алдын алу шаралары. Әсіресе көктемгі кезеңде құрғақ шөптің көп екеніне байланысты өрт қаупі артаыны ескеріліп, тиісті қызметтерге алдын алу жұмыстары күшейту, тұрғындар арасында түсіндіру шараларын жүргізу тапсырылды.

Жиын барысында қатысушылар күн тәртібіндегі және қосымша мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды. Әрбір бағыт бойынша атқарылып жатқан жұмыстар салалық, алдағы кезеңге арналған нақты міндеттер айқындалды.

Отырыс қорытындысы бойынша аудан әкімі жауапты тұлғаларға бірқатар нақты тапсырмалар беріп, олардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Сонымен қатар, барлық салада жүйелі жұмыс жүргізіп, белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу қажеттігі баса айтылды.

Ұлттық өнерді ұлықтап, театр мәдениетін дамытуға бағытталған айтулы шаралардың бірі – моноспектакльдер фестивалі биыл да жоғары деңгейде өтті.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ФЕСТИВАЛЬ ЖҮЛДЕГЕРІ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,  
«Semei tañy»



26–28 наурыз күндері Жамбыл облысында өткен республикалық театр фестивалі-байқауында Ақсуат халық театры жүлделі II орынды иеленіп, өңір абыройын асқақтатты.

Аталған мәдени шара Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына орайластырылып, еліміздің түкпір-түкпірінен келген халық театрлары ұжымдарының басын қосты. Байқауға Қарағанды, Қызылорда, Түркістан, Алматы, Жетісу, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Абай және Жамбыл облыстарынан жалпы саны 10 «халықтық» атағы бар театр қатысып, өзара шеберліктерін сыныға салды.

Бұл байқаудың бастауында 2025 жылы Ақсуат ауданында өткен алғашқы фестиваль тұрғынын атап өткен жөн. Ол кезде байқау белгілі айтыс ақыны, сазгер, режиссер Мақан Баймұрзиннің құрметіне арналып, халық театрлары арасында үлкен серпіліс болған еді. Сол алғашқы фестивальда бас жүлдені Жамбыл облысының Байзақ ауданынан келген Шахан халық театры жеңіп алып, эстафетаны жалғастырған еді. Быылғы долада Ақсуат мәдениет үйі жанындағы халық театры Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» шығармасы негізінде сахналанған моноспектакльді көрермен назарына ұсынды. Қойылымның мазмұн тереңдігі, актерлік шеберлік пен режиссерлік шешімдер жоғары бағаланып, нәтижесінде жүлделі II орынға ие болды.

Бұл жеңіс – театр ұжымының шығармашылық ізденісі мен танды еңбегінің жемісі. Сонымен қатар аймағымыздағы халық театрларының кәсіби деңгейінің артып келе жатқанын көрсетеді. Жалпы, Ақсуат халық театрының бұл жетістігі – өңір үшін үлкен мәртебе. Алдағы уақытта да өнер жұмысы жаңа белестерді бағындырып, ұлттық мәдениеттің өркендеуіне өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

## МІНДЕТ АЙҚЫН

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,  
«Semei tañy»



Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе – көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге дайындық барысы туралы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы баяндама жасап, егіс науқанына қажетті техникалардың дайындығы, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, тұқым қоры мен тыңайтқыштардың жеткіліктілігі туралы ақпарат берді. Сонымен қатар шаруашылықтардың көктемгі жұмыстарға толық дайын болуы үшін жүргізіліп жатқан ұйымдастыру шараларына да тоқталды.

Аудан әкімі дала жұмыстарына дайындықты уақтылы әрі сапалы жүргізу қажеттігін атап өтіп, жауапты тұлғаларға тапсырмалар жүктеді.

Келесі мәселе – пайдаланылмай жатқан және тиімсіз пайдаланылып отырған жерлерді анықтау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы жер қатынастары бөлімінің басшысы баяндап, бос жатқан жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару, оларды тиімді игеру бағытындағы шаралар жайлы мәлімет берді. Аудан әкімі жер ресурстарын ұтымды пайдалану басты міндеттердің бірі екенін атап өтіп, бақылауды күшейтуді тапсырды.

Жиында сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыспен күрес мәселесі де қаралды. Құқық қорғау органдарының өкілдері қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аудан басшысы, өз кезегінде, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ түнгі рейдтік іс-шараларды күшейтіп, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі тағы бір мәселе – «Қаладан – ауылға» жобасы аясында ауылдық елді мекендерге мамандарды тарту, қолдау көрсету, тұрғын үй және жұмыспен қамту мәселелерін шешу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар баяндалды. Бұл ретте ауыл өмірін насихаттау, жастарды ауылда еңбек етуге ынталандыру мақсатында ақпараттық жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі көтерілген мәселелердің маңыздылығына тоқталып, жауапты бөлім басшылары мен ауыл әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.



АБАЙ

## ШАРШЫ АЛАҢДА - ЖАС БОКСШЫЛАР

**Абай ауданындағы «Шыңғыстау» спорт кешенінде 2011–2012 және 2013–2014 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасында КСРО спорт шебері, кәсіби бокстан «Мистер бокс» атағының иегері Ділмұрат Әсеновті еске алуға арналған облыстық ашық турнир өтті.**

Ай-Көркем МАҚЫШ,  
«Semei tanu»

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Мейіржан Смағұл белгілі спортшының ел спортының дамуына қосқан үлесін атап өтіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Марқұмның әкесі Сәли ақсақал ақ батасын берді.

Дәстүрлі турнирге Ақтөбе облысы, Семей қаласы және Аягөз, Жарма, Үржар, Ақсуат, Бородулиха аудандарынан, сондай-ақ Абай ауданынан барлығы 130 спортшы қатысты. Бірнеше күнге созылған жарыс қорытындысында 22 салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаздар анықталып, оларға арнайы дипломдар мен медальдар табысталды.

Сондай-ақ жарыстың жоғары деңгейде өтуі-



## БОРОДУЛИХА

### СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫ БАҚЫЛАУДА

**Көктем шығып, күн жылитын уақыт – еліміз үшін сынақты кезеңдердің бірі екені белгілі. Су тасқыны кезеңі әрбір аудан үшін тұрақты бақылауды, алдын алу шараларын қабылдауды және кез келген қауіпті жағдайларға шұғыл жауап беруді талап етеді.**



Еріген қар суы мен жауын-шашын елді мекендерді су басу қаупін тудырып, тұрғындар мен ауыл шаруашылығына айтарлықтай қатер төндіруі мүмкін. Бородулиха ауданы әкімдігі де бұл мәселеге ерекше назар аударып, алдын алу шараларын ерте бастап қолға алды.

Жуырда аудан әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратов Абай облысының Төтенше жағдайлар департаменті мен прокуратура органдары өкілдерімен бірлесіп, қауіпті аймақтарды тексеріп шықты. Экологиялық қауіптер мен су тасқынының ықтималдығы жоғары аумақтарда жүргізілген тексеру барысында Эра өзенінің арнасы мен Переменовка ауылындағы су қорғау шаралары мұқият зерттелді. Эра өзенінің суы қалыпты деңгейде болса да, кез келген уақытта су жолының бөгеулі немесе арнасынан асуы мүмкін. Сол себепті өзен арнасын үнемі бақылауда ұстау маңызды.

Переменовка ауылында су тасқынынан қорғау мақсатында салынған топырақ үйінділерінің беріктігі тексерілді. Олардың ұзақ мерзімділігі мен тиімділігі бағаланып, қажет болған жағдайда қосымша қорғаныс шаралары қолға алынатын болады. Аудан әкімдігі тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрақты бақылауды жалғастыра берді.

Қазіргі уақытта аудан аумағында су тасқыны белгілері байқалмайды. Алайда, жағдай толық бақылау-

ға алынса да, босануға болмайды. Төтенше жағдайды болдырмау үшін алдын алу шараларын күшейту және жағдайды тұрақты бақылауда ұстау қажеттігі сөзсіз.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Т.Мұратов жауапты қызметкерлерге су тасқынының алдын алу шараларын күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар тұрғындармен белсенді байланыс орнатып, қауіпсіздік ережелері бойынша жиі ақпарат тарату жоспарланып отыр. Қауіпсіздік шараларының тиімділігі тұрғындардың хабардар болуына және алдын алу жұмыстарына белсенді қатысуына тікелей байланысты.

Төтенше жағдайлар департаменті мен жергілікті әкімдік өкілдері тасқынды ықтимал салдарын болжау үшін халықпен тығыз байланыста жұмыс істеуді жалғастырады. Аудан тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат тұрақты түрде таратылатын болады. Алайда мамандар тұрғындардың да сақтық шараларына мән беруі тиіс екенін ескертуде. Халық жергілікті биліктің нұсқауларын орындап, төтенше жағдайлар қызметімен байланыста болуы керек.

Қазіргі жағдай тұрақты болғанымен, су тасқынына дайын болу үшін алдын алу шаралары тұрақты жүргізіле беріледі. Аудан халқының қауіпсіздігі мен тұрақты жағдайды сақтау үшін бірлесіп әрекет ету маңызды.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

## КӨКПЕКТІ

### ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

**Көкпекті ауданының әкімі Нұрбек Қошқарбаев жұмыс сапарымен Тассай ауылдық округіне барды. Сапар барысында Жүз ағаш өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысымен танысты.**

Еркежан ҚАЙСА,  
«Semei tanu»

Еске салсақ, 2024 жылы наурыз айының соңында аталған көпірді су шайып кеткен болатын. Биылғы жылдың қыркүйек айында облыс әкімі Берік Уәлиұлының қолдауымен жаңа көпірдің құрылысы басталды. Қазіргі таңда көпір арқылы автокөліктердің өтуіне рұқсат беріліп, қатынас қайта жанданды.

Аудан басшысы құрылыс алаңында мердігер компанияның басшысы Қанат Сақанмен кездесіп, жұмыс барысымен танысты. Жоба 2025–2026 жылдарға жоспарланған. Қазіргі таңда мердігер ұйым көліктердің кедергісіз өтуіне мүмкіндік жасап отыр. Тассай ауылдық округі тұрғындары көпір құрылысының аяқталуын асыға күту-



## ЖАҢА ДҮКЕН АШЫЛДЫ

**Көкпекті ауылында «ASAY FOOD» атты ет өнімдері дүкені өз есігін ашты. Сауда нысаны кәсіпкер Айдос Еркінбекұлының ұзақ жылғы еңбегі мен табандылығының нәтижесінде жүзеге асып отыр.**

Еркежан ҚАЙСА,  
«Semei tanu»

Жаңа дүкен тұрғындарға қолдан арнайы әдіспен дайындалатын сапалы ет өнімдерін ұсынады. Атап айтқанда, ысталған жылқы еті, қақталған құйрық май, түрлі шұжықтар, сондай-ақ жартылай дайын өнімдер саудаға шығарылады. Кәсіпкер отбасының басты ұстанымы – халыққа табиғи әрі сапалы өнімдерді ғана ұсыну. Айдос Еркінбекұлы мен жұбайы Сая бұған дейін де өз өнімдерін аудандық және облыстық жәрмеңкелерде сәудалап, көпшілікке танылып үлгерген. Кәсіпкер отбасы сонымен қатар TikTok әлеуметтік желісін тиімді пайдаланып, бейнероликтер арқылы өнімдерін республика көлемінде жарнамалап, тұрақты тұтынушыларын қалыптастырған.

Дүкеннің ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімінің орынбасары Қайратбек Серіктасұлы кәсіпкерлерге сәттілік тілеп, аудандағы шағын және

орта бизнестің дамуына мұндай жобалардың қосар үлесі зор екенін атап өтті. Ақжарма тілегін айтысқан ақын Фархат Маратұлы да білдіріп, арнау өлеңін тарту етті.

Іс-шарада сөз алған Айдос Еркінбекұлы бұл кәсіпті ашу көптен бергі арманы болғанын айтып, оған табанды еңбек пен отбасының қолдауының арқасында қол жеткізгенін атап өтті. Кәсіпкер алдағы уақытта өнім түрлерін көбейтуді жоспарлап отыр.

Шараға жиналған ауыл тұрғындары да ізгі тілектерін білдіріп, отандық өнім өндірушілерді қолдауға дайын екендіктерін жеткізді.

Жаңа сауда дүкенінің ашылуы ауыл экономикасының дамуына да қосылған маңызды үлес екені сөзсіз.

Жалпы, ауданда кәсіпкерлік саласы дамып келеді. Көкпекті ауылында ашылған ет өнімдері дүкені – соның айғағы. Іскер азаматтардың арқасында жергілікті өндіріс өркендей бермек,

не үлес қосқан бірқатар азаматтар, атап айтқанда бас төреші, халықаралық ІВА дәрежесіндегі төреші Қуат Құдайбергенов, Ақтөбе қаласынан келген балкер Еркін Қазтаев және Ақтөбе қалалық дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Шыңғыс Шоқыптов аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Ділмұрат Сәлиұлы Әсенов 1965 жылы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. Ауданнан шыққан кәсіби бокстың алғашқы өкілдерінің бірі, қазақ боксы тарихында өзіндік орны бар спортшы. Бала кезінен әкесі боксқа баулып, кейін белгілі жаттықтырушылардан тәлім алған.

Ділмұрат Сәлиұлы шеберлігі мен табандылығының арқасында 1989 жылы «КСРО спорт шебері» атағын иеленсе, 1990 жылы Қостанайда өткен халықаралық турнирде «Мистер бокс» атағына қол жеткізді. Сонымен қатар түрлі одақтық және республикалық жарыстарда топ жарып, ел намысын абыроймен қорғады.

Ділмұрат Әсенов – спорттағы жеңістерімен емес, қайсар мінезімен, еңбекқорлығымен де кейінгі ұрпаққа үлгі болған тұлға. Жас спортшыларды жігерлендіріп, ауыл спортының дамуына серпін беретін сындай жарыстардың маңызы жоғары.

## Өткен аптада Бородулиха аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті.

### ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жиынға Бородулиха аудандық мәслихатының төрағасы Сәуле Урашева, тұрақты комиссиялардың мүшелері – депутаттар, сондай-ақ аудандық полиция бөлімінің басшысы Әсет Әбілқасымов, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Альви Мартаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнұр Катаева, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Әлишер Жұмабеков, аудандық қаржы бөлімінің бас маманы Ирина Еничева және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиында бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, «бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, қоғамнан оқшаулаусыз қылмыстық жазаларға және өзге де қылмыстық-құқықтық шараларға тартылған тұлғалар арасында қайталама қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ аталған тұлғаларды жұмыспен қамту» мәселесі жөнінде Бородулиха аудандық полиция бөлімінің басшысы Әсет Әбілқасымов баяндады.

Аудандағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Әлишер Жұмабеков хабарлама жасады. Ал ауыл шаруашылығы құрылымдарын көктемгі егіс жұмыстарына дайындау жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстарға қатысты ақпаратты кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Альви Мартаев ұсынды.

Бородулиха ауданындағы мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарындағы тамақтану сапасы туралы білім бөлімінің басшысы Гүлнұр Мақсұтқызы ақпарат берді. Сонымен қатар бірлескен отырыстың қорытындысында 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалуы жөнінде қаржы бөлімінің бас маманы Ирина Еничева баяндама жасады.

Жиын барысында баяндамашылар депутаттардың қойған сұрақтарна жауап беріп, көтерілген мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар әзірленді. Қаралған барлық мәселелер бойынша тұрақты комиссиялардың қаулылары қабылданып, орындалу мерзімі белгіленді.

### Бородулиха аудандық мәслихатының баспасөз қызметі



де. Осыған дейін тұрғындар аудан орталығына қатынау үшін Қарағандыкөл ауылы арқылы айналып өтіп, 130 шақырым жол жүруге мәжбүр болатын. Құрылыс жұмыстары үздіксіз, қыс мезгілінде де жүргізілді. Нәтижесінде құрылыс толық аяқталмаса да жол қатынасы ашылды.

Биылғы жылдың маусым – шілде айларында көпір құрылысы толық аяқталады деп жоспарлануда. Қазіргі уақытта асфальт төсеу және жағалауды бекіту жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Бұрынғы көпірдің ұзындығы 38 метр болса, жаңадан салынып жатқан көпірдің ұзындығы 72 метрді құрайды. Бұл өзен суының кедергісіз өтуіне мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар мердігер компания көпірден республикалық маңызы бар жолға дейінгі аралыққа өз қаражаты есебінен асфальт төсеуді жоспарлауда. Аталған нысан аудан үшін аса маңызды. Себебі бұл көпір арқылы Тассай ауылдық округіне қарасты 4 елді мекенде тұратын мыңнан астам тұрғын қатынайды. Жұмыс барысымен таныса келе аудан әкімі мердігер компанияға құрылысты қарқынды әрі сапалы жалғастыруды тапсырып, аудан әкімдігі тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.



АЯГӨЗ

## АППАРАТТЫҚ МӘЖІЛІС ӨТТІ

Аудан әкімі Айбек Нұғымаровтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтті. Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер кеңінен талқыланды. Күн тәртібінде «Қаладан – ауылға» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы, 2026 жылға жоспарланған ауыз сумен қамту жобаларының орындалуы, ауыз су саласындағы өзекті проблемалар мен су көздеріндегі санитарлық қорғау аймақтарының сақталуы қаралды. Сондай-ақ бұған дейін берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалу деңгейі сараланып, жауапты бөлімдерге нақты міндеттер жүктелді. Кеңес қорытындысында аудан әкімі барлық тапсырмалардың тұрақты бақылауында болатынын атап өтіп, тиісті бөлім басшыларына жұмыстардың белгіленген мерзімде орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

### ЖАҢАСЕМЕЙ

## АЛФАБАСТАҒЫ СЕНБІЛІК

Алғабас ауылдық округінде сенбілік өтті. Оған ауыл әкімдігі, мекеме қызметкерлері, білім беру ұйымдары мен тұрғындар белсенді қатысты.

Сенбілік барысында қыс бойы жиналған қоқыс шығарылып, мекемелердің ауласы мен іргелес аумақтары ретке келтірілді. Көшелер мен қоғамдық орындар тазартылып, арық-атыздар аршылды.

Сенбілікке қатысушылар ұйымшылдық танытып, ортақ іске үлес қосты.

Алдағы уақытта да «Таза Қазақстан» акциясы аясында экологиялық шаралар жүйелі жүргізіліп, ауылдарды көркейтеу, абаттандыру жұмыстары жалғасын табады.

Сенбілік – қоршаған ортаға деген жауапкершіліктің айқын көрінісі. Туған жердің тазалығы өз қолымызда екенін ұмытпайық.

## МАЛ БАҒЫМ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жиенәлі ауылдық округінің әкімі Берік Айтқожин тұрғындармен кездесу өткізді.

Жиын барысында мал бағымын ұйымдастыру, жайылымдық жерлерді ұтымды пайдалану және ауыл ішіндегі тазалықты сақтау мәселелері талқыланды. Ауыл әкімі «Таза Қазақстан» акциясы барысында атқарылатын жұмыстармен қатар, мал бағымын ұйымдастыруға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Әкім қарусыз жүрген мал иелеріне айыппұл салынатынына да еске салып өтті.

Тұрғындар да мал бағымы мен ауылдағы таза-лық мәселесіне қатысты ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Жиын соңында бақташылар белгіленіп, еңбекақы көлемі нақтыланды.

ЖАРМА

## ҰСТАЗДАР САЙЫСҚА ТҮСТІ

Өткен аптада білім бөлімі тарапынан ұйымдастырылған XXV мұғалімдер спартакиадасының жабылу салтанаты өтті.

Іс-шарада мектеп ұстаздары 9 спорт түрі бойынша сайысып, нәтижесінде жалпыкомандалық есепте орта мектептер арасында I орынды Абай атындағы көпсалалы мектеп-гимназиясының командасы жеңіп алса, II орын Маяковский атындағы орта мектеп, ал III орын Георгиевка орта мектебінің командасына бұйырды.

Негізгі орта мектептер бойынша I орынды Қаражал мектебі иеленсе, II орынды Васильковка мектебі, III орынды Салкынтөбе негізгі мектебінің командасы иеленді.

Жеңімпаз командалар әр спорт түрі бойынша мадақтамалармен және медальдармен марапатталды.

### БОРОДУЛИХА

## ЖАС ДЗЮДОШЫЛАР ЖАРАДЫ

Семей қаласында жас дзюдошылар арасында «BARYS JUDO OPEN CUP» ашық турнирі өтті. Турнирге еліміздің әр өңірінен 120-дан астам жас спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Осы сайыста Бородулиха ауданы «Батыр» спорттық-патриоттық клубының тәрбиеленушілері табандылығы мен қайсарлығын танытып, өзге қатысушылармен тең дәрежеде бәсекеге түсті. Тартысты өткен бәсекенің қорытындысы бойынша, ауданның жас дзюдошылары жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, Дильжан Искаков (50 келі) 2-орын иеленсе, Манат Жоламанов (50 келі), Жігер Түркістанов (46 келі), Санжар Наурызбаев (32 келі) және Диас Айтқожаев (+50 келі) 3-орынды қанжығаларына байлады.

Спорт клубының шәкірттері елімізде ұлттық спорттық дамуына өз үлестерін қосуда.

ҮРЖАР

## ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – АДАМЗАТТЫҢ БОРЫШЫ

«Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ұйымдастыруымен Үржар ауданының орталық алаңында «Парктер шеруі – 2026» табиғатты қорғау акциясы өтті. Шараға 550 адамға жуық жас орманшылықтар одағының мүшелері мен мектеп оқушылары қатысты.

Шара аудан әкімінің орынбасары Ермек Сейльгазин мен парк директоры Айдын Серкебаевтың құттықтай сөздерімен ашылды.

Бағдарлама аясында концерт ұйымдастырылып, белсенді қатысушылар марапатталды. Сонымен қатар «Құстар қайта оралды» байқауы өтіп, нәтижесінде бас жүлдені Дарын Әділұлы иеленсе, I орынды Ералы Қайрхан, II орынды Әлихан Ануарбек, ал III орынды Райымбек Төлеуғазы алды. Акция жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

«ST» - ақпарат



Алпысыншы жылдардың бел ортасы. Ол кез уақыттың өзі ат шалдырғандай баяу тыныстап, қоңыр тіршіліктің қойнауына бұйығып жатқан жарығы мол, жүрекке жылы бір ғұмыр еді. Таң бозамықтана бастағанда, адырдың ар жағынан күннің қызғылт шапағы сығалап, ұйқы құшағындағы даланы аялай оятатын. Боз қырау жамылған жусан басы жылтырап, мұрын жарған жұпар иісі көкірекке құйыла түсетін. Сол иіс – балалықтың иісі, сол иіс – туған жердің мәңгілік демі. Қора жақтан сиыр мөңіреп, таң тыныштығын қақ айырса, ат тұяғының дүбірі қара жердің тамырын бүлк еткізгендей болушы еді. Бір үйдің емес, бүкіл ауылдың тірлігі бірге оянтанды – әр дыбыс бір-біріне үн қосып, қоңыр симфонияға айналып бара жататын. Ол кездегі ауыл – асығыстықты білмейтін, бірақ маңдай тердің қадірін ұғатын ауыл еді. Адамдары да жусан секілді – қарапайым еді. Сөздері де артық бояусыз, жүрекке жылы тиетін. Алпысыншы жылдардың ауылы – сағымға сіңіп бара жатқанымен, сананың түкпірінде мәңгілік қоңыр күй болып қалған ғұмыр. Ауылдың шеткері тұсында, жотаға сүйене қоныс тепкен шағын ғана үй бар еді. Сыртқы көз қарататындай жарқырап тұрмаса да, бойынан бір жылылық сезіліп тұратын. Қабырғасы күнге күйіп, самалға мүжіліп, уақыттың табын жасырмайтын. Бірақ сол көмескі тартқан реңнің өзінде бір мамыражай мейірім бартын. Таңғы шапақ түскенде, үйдің қабырғасы жұмсақ сарғыш түске еніп, жаңа піскен бауырсақтай буы бұрқырап тұрғандай әсер қалдыратын. Ал кешкі іңірде қызыл күннің соңғы сәулесі маңдайшасына қона кетсе, үй тұтасымен жылы шапан жамылған кісідей момақан күйге түсетін. Есігінің алды үнемі сыпырылған. Топырағы тапталғанымен, шаңы басылған – тіршіліктің табы бар, бірақ салақтықтың ізі жоқ. Табалдырығы тозыңқырап қалғанымен, талай жанның ақ ниетпен аттаған қадамын үнсіз сақтап тұрғандай. Қоражайы да артық айғайсыз, өз ырғағымен тыныстап жататын. Бұл шаңырақ ауыл ішінде сыртқы сәнімен емес, ішкі жылуымен көзге түсетін. Қасынан өткен адам бейне бір ошақ басына таяп келгендей көңілі жайланып, бойын әлдебір тыныштық билейтін. Қоңыр тіршіліктің ортасында бұл үй де қоңыр күй секілді – айқайсыз, жүрекке жақын еді.

Бұл шаңырақтың қос тірегі – Қали ата мен Күлән апа еді. Екеуі қатар отырғанда, үйдің іші кеңіп, төрі биіктеп кеткендей сезілетін. Бірі – тамыр, бірі – жапырақ секілді; бірі – тәртіп, бірі – жылы мейірім. Екеуі қатар отырғанда, бұл үй тек баспана емес, берекенің ордасындай көрінетін. Ата – іргетас, апа – ырыс. Бірінің үнсіздігі екіншісінің мейіріммен толығып, шаңырақтың шырағы сөнбей, түтіні тұзу шығып тұратын.

Қали ата мен Күлән апаның шаңырағы үнемі бала-шаға үніне толы еді. Отбасында бес бала бар: екеуі қыз, үшеуі ұл. Қыздарының екеуі де тұрмыста, әрқайсысы өз шаңырағында тірек. Үлкен ұлы Сейіт – трактор бағындырған, еңбеккер жігіт, өз жаңуысымен келесі ауылда тұрады. Алайда, қазақы дәстүр бойынша оның тұңғышы – Айдана ата мен әжесінің бауырында өсті. «Бұл менің қызым, немерем емес тегінде. Естеріңде болсын» – деп отыратын апасы. Айдана дүниеге келген күні шаңыраққа жаза радио сатып әкелінген екен. Сондықтан үйдегілер «Радиодан туған қыз» деп қалжындайтын. Радионың алғашқы дыбысы Айданың алғашқы даусымен араласып, үйдің әр бұрышын шаттыққа белегендей болды. Кішкентай қыздың күлкісі мен радионың сыңғыры – шаңыраққа жаңа тыныс, берекенің белгісі болып кірді.

Айдана өжет, тік мінезді болып өсіп келе жатты. Жеті жасқа толғанша жерден жеті мәрте таяқ жескіз демекші, бір орнында отыра алмайтын қыз жиі ойнап жүріп тізесін жарақаттап алатынды. Ондайда апасы отырғызып қойып, ақылын айтушы еді. Үйдегі аға-жеңгесіне, Аманай ағасына көздімді қолғанат болатын. Шапшаңдығымен бөрінің көңілінен шығатын. Ағасы мен жеңгесі ол кездегі «автотавка» деп аталатын дүкенде қызмет ететін. Ағасы Айдар есеп-қисап жүргізетін, көлімді-кетімді тауарларға жауапты. Ал жеңгесі Сұлшаш – сатушы. Әдеттегі күндердің бірінде сол дүкеннің қоймасына жаңа үн түседі. Қаптарының ауысы әлі тігулі, үстіндегі қара таңбасы да өшпеген. Совхоздың наубайханасына, балалы-шағалы үйлерге бөлінетін үн – «план бойынша» келген тауар. Ол кезде әр қаптың есебі бар. «Артылып қалды» деген сөз жоқ, «кейін жазармыз» деген өңгіме тіпті болмайтын. Дүкен іші әдеттегідей қарбалас. Сұлшаш таразы басында біреуге жарты кило қант өлшеп жатыр. Бірі шай сұрайды, бірі сабын. Әркім өз қажетін айтып, дүкен іші гүлден тұр. Сол сәтте сырттан ат арбаның доңғалағы сықырлап келіп, есік алдына тоқтады.

— Әй, жігіттер, ана екі қапты арбаға шығара салыңдар! — деген зілді дауыс естілді. Бұл — Рамазан еді. Соғыстан оралған, кеудесінде ордені жарқыраған, совхоз жиналыстарында алдыңғы қатардан орын алатын адам. Көпшілік алдында сөзі өтімді. «Ардагер ғой!» деп, кейде оның айтқанын қарсы келмей орындайтындар да табылатын. Екі жігіт қаптарды көтере бергенде, таразы басында тұрған Сұлшаш абдырап қалды. Ол қолындағы таразы тасын жайлап орнына қойып:

— Ата, накладной қайда? — деп сабырлы үнмен сұрады.

Рамазанның қабағы бірден түйіліп, жүзі қатая түсті.

— Маған накладнойдың қажеті жоқ, — деді ол салқын үнмен. — Басшылықпен сөйлескенмін. Дәл осы кезде ішкі бөлмеден Айдар шықты. Қолында — қызық есеп дәптері. Кімді қарапайым болғанымен, жанары өткір, жүзі байсалды еді.

— Қай басшылықпен? — деді ол асықпай.

Рамазан оған тік қарап, даусын көтере сөйледі:

— Әй, сен, бала, маған тергеу жүргізейін деп тұрсың ба? Мен соғыста қан кешкен адаммын. Екі қап ұнды көп көр-

діңдер ме?

Айдар бір сәт үнсіз қалды. Рамазанның сөзін бөлмей, сабырмен тыңдап тұрды. Жүзінде ашу да, асығыстық та жоқ, тек байыптылық бар.

— Соғыста болғаныңызға ешкім таласпайды, — деді ол ақырында жый ғана. — Бірақ бұл үн — совхоздың үні. Тізім бойынша беріледі. Әр қаптың есебі бар.

Рамазан қабағын түйіп, оған тік қарады.

— Есеп, есеп дейсіңдер... — деді ол ауыр үнмен. — Мен бұл ауылға еңбегі сіңген адаммын.

— Еңбегіңіз бар, — деді Айдар сабырлы қалпын бұзбай. — Бірақ тәртіп берімізге ортақ.

Рамазан бір сәт үнсіз тұрды. Сосын арбаға қарай бұрылып, аттың шылбырын қозғалтты. Арба орнынан жылжи бергенде, Айдар бір адым ілгері шығып, шылбырдан ұстай қалды.

— Ұнды қалдырыңыз.

Дауысы қатты шыққан жоқ. Бірақ нық естілді.

Рамазан тоқтап қалды. Ол баяу ғана

Оның ашуы үннен емес еді. Ұн — сылтау ғана. Жанына батқаны — өзіне қарсы тұрған адамның табылғаны. Бұрын мұндай болмаған. Айтса — өтетін. Бедел деген бар еді. Ал бүгін сол беделдің үстінен біреу тәртіпті қойды. Совхоз ішінде бұл әңгіменің ізі ұзаққа созылатынын сезбейтін адам жоқ еді.

Сол күндері Күлән апа мен Қали ата аудан орталығындағы үлкен қыздарына барып қайтпақ болып, жолға шыққан.

— Барып-келгенше балалар өздері-ақ отырады, — деп, үйдің шаруасын Айдар мен Сұлшашқа тапсырып кеткен. Үйде Айдар, Сұлшаш, Аманай және кішкентай Айдана қалған еді. Кешкілік бәрі әдеттегідей өтті. Шай ішілді. Пешке от жағылды. Пештің ішіндегі қызыл шоқ анда-санда сытырлап, үй ішіне жылы леп таратады. Сырттағы қараңғылық қоюланып, ауыл үстіне бауу түн түсті. Аманай төсекке жатар алдында әлі ояу жүрген Айданаға қарап күліп қойды.

— Әй, бүгін апаң да, атаң да жоқ, — деді ол қалжың араластырып. — Жалғыз жатасыз ғой, қорықпайсың ба?

Жауап болмады. Тек ауыр тыныс. Сол сәтте есік жақта тұрған екінші адам зып етіп сыртқа шығып кетті. Сыртқы есік тарс жабылды.

— Қашты! — деді Сұлшаш.

Айдар алысып жатқан адамды босатпауға тырысты. Бірақ әлгі адам тісеткен қасқырдай бұлқынып, бір сәтке босап шығып, есікке қарай ұмтылды. Дәл сол кезде Сұлшаш қабырғадағы қосқышты басып қалды. Айдар қарсы тұрған адамның жүзін анық көріп қалды. Таныс. Бұл — Рамазан емес еді. Рамазанның алыс ағайындыс бауырларының бірі болатын. Ауылға анда-санда келіп жүретін екі жігіттің бірі. Жарық түскен сәтте ол да тосылып қалғандай болды. Бірақ сол бір сәттік кідірістің өзі ұзаққа созылмады. Ол жалт бұрылып, Айдарды иығымен қағып, табалдырықтан қарғып шықты. Сыртта екінші жігіт күтіп тұр екен. Екеуі қараңғылыққа қарай жүгіре жөнелді. Аяқтарының дүбірін түн тыныштығын тіліп өтті. Үй іші бір сәтке меңірейіп қалды. Аманай керуенеттің шетіне сүйеніп отыр. Демі та-

# ҚАРШАДАЙ ҚЫЗ



(Әңгіме)

Айдарға бұрылды.

— Сонда сен мені тоқтатпақсың ба? — деді салқын үнмен.

— Тоқтатайын деп тұрғаным жоқ, — деді Айдар. — Бірақ рұқсатсыз ештеңе шығарылмайды. Екеуінің арасын қысқа ғана үнсіздік басты. Сол үнсіздіктің өзінде айтылмаған талай сөз жатқандай еді.

Рамазан арба жанында тұрған екі көмекші жігітке көз тастады.

— Түсіріңдер, — деді қысқа ғана. Жігіттер үн-түнсіз қаптарды көтеріп, арбадан жерге түсірді. Рамазан сол күйі үнсіз тұрды. Сосын аттың басын кері бұрып, арбаны қозғалтты. Біраз жүрген соң ол тағы бір бұрылып қарады.

— Бүгін менің бетімді қайтардың, — деді ол баяу. — Мұны ұмытпаймын...

Даусы қатты шыққан жоқ. Бірақ сөзінің астарында ауыр өкпе мен жасырын кек жатқандай еді. Айдар жауап қатпады. Ол сол орнында біраз тұрып қалды. Арбаның доңғалағы сықырлап, бірте-бірте алыстап бара жатты. Сол дыбыс жолдың шаңына сіңгенше Айдар орнынан қозғалған жоқ. Сырттай қарағанда бәрі тыныш аяқталғандай көрінген. Бірақ Айдар бұл әңгіменің мұнымен бітпейтінін іштей анық сезіп тұрды. Рамазанның соңғы айтқан сөзі жиі реніштен туған сөз емес еді. Оның астарында намыс пен кек аралас бір салқын ызғар жатқандай болатын. Осы оқиғадан кейін Айдар орнында ұзақ отыра алмады. Есеп дәптерін қолына алып, бірден контораға бет алды. Күн еңкейіп қалған. Совхоз кеңсесінің терезелерінен өлсіз жарық жылтырайды. Іште әлі адам бар екені байқалады. Бұл — қағаз үңілген, есептен бас көтермейтін уақыт. Күндізгі қарбаластан кейінгі салқын тыныштық. Айдар есікті жай ашып кірді. Хатшы қыз басын көтеріп қарады.

— Айдар, не болды?

— Докладная жазуым керек, — деді ол қысқа ғана.

Бос тұрған үстелге барып отырды. Алдына ақ қағазды жайды. Біраз уақыт үнсіз отырды. Жаңа ғана болған жайды ой елегінен тағы бір өткізгендей. Бұл — ұсақ шаруа емес. Совхоз мүлкі, совхоз төртібі. Сосын қаламын алып, жаза бастады. Артық сөз жоқ. Бояу жоқ. «Пәлен күні, пәлен уақытта совхоз ұндын құжатсыз алып кету әрекеті болды. Тәртіпке сәйкес тоқтатылды». Жауу қысқа шықты. Бірақ мәні анық. Айдардың өзіне де сол керек еді — болған жайдың дәл есі ғана. Соңына қол қойды. «Тауардың сақталуына жауапты адам ретінде хабарлаймын» деген жолды анықтап түсірді. Қағазды алып, директордың кабинетіне кірді.

Директор көзілдірігін көтеріп, жазбаны асықпай оқып шықты. Сәл ойланyp отырды да:

— Дұрыс, — деді. — Ертен жиналыста қараймыз. Айдар үндемей басын ізеді. Кабинеттен шыққанда, сыртта қараңғы қоюлана бастаған еді. Бұл хабар Рамазанға көп кешікпей жетті.

— Айдар контораға барыпты, — деді біреу.

— Қағаз қалдырыпты, — деді тағы бірі.

Рамазан үнсіз тыңдап тұрды. Жүзі қатайып кеткен.

— Ол бәлем... — деді ол баяу ғана.

— Есепке салған екен.

Айдана қабағын түйіп, ағасына ренжігендей қарады.

— Қорықпаймын! — деді кішкентай ғана намыспен.

Аманай күліп жіберді.

— Батыр екенсің онда, — деді Аманай күліп. Сосын орнынан тұрып, жарықты сөндірді. Үй біртіндеп тына бастады. Далада анда-санда бір иттің үргені ғана естіледі. Бірақ бүгінгі үріс әдеттегідей емес еді. Ауылдың шет жағындағы ит бірде созып, бірде үзіп, мазасызданғандай үріп қояды. Кейде тіпті тына қалып, артына қайтадан ызбарлана үре жөнеледі. Қарасай жақтан соққан жел үйдің қабырғасын бойлай сығырып өтіп, терезе жақтауды әлсіз-әлсіз сықырлатады. Қараңғылық қоюланып, айнала меңірейе түскендей. Үй ішіндегілердің ешқайсысы оған мән берген жоқ. Ал сырттағы ит болса, бірде үріп, бірде тың тындап, әлденені сезгендей мазасызданып тұр еді. Сол тұн — бұл шаңырақ үшін ең қатерлі түн боларын ол кезде ешкім білген жоқ. Айдана әлдебір тұңшыға шыққан күнгірт дыбыстан шошып оялды. Алғашында түс көріп жатқандай еді. Бірақ әлгі дыбыс тағы қайталанды.

— Ағатай... қойшы... — деген үзік үн естілгендей болды. Қыз көзін ашты.

Бөлме қаракөлеңке. Терезеден түскен ай сәулесі ғана керуенеттің шетін бозғылт қылып тұр. Сол бозғылт жарықтың арасында бір қара сұлба анық көрінді. Біреу Аманай жақтан керуенеттің үстіне еңкейіп тұр. Қимылы ауыр. Тұншықтырып жатқаны байқалады. Ал есік жақта тағы бір қара көлеңке бар. Пеш пен есіктің ортасында қозғалмай тұрғандай. Түннің қараңғылығына сіңіп кеткен. Айданың жүрегі дүрсілдеп кетті. Дауысы шықпады. Бала жүрегі бөрінен бірден сезді — бұл ойын емес.

Ол байқаптай керуенетінен сырғып түсті. Төсектің жиегіне ілініп қала жаздап, бірақ дыбыс шығармай жүрте түсті. Аяғы еденге тигенде мұздай сырғисы сезді. Тізесі дірілдеп тұр. Бірақ кідірмеді. Еңбектеп алға жылжыды. Үйдің төрінен есікке дейін созылған ұзын үстел бар еді. Қалың ағаштан жасалған, үлкен жаңуыға арналған ауыр үстел. Айдана сол үстелдің астына кіріп, қараңғыда еңбектей жөнелді. Жүрегі кеудесін ұрып тұр. Үстелдің соңына жеткенде, келесі бөлменің есігіне таяп қалды. Табалдырықтан еңбектеп асып, бір-ақ ұмтылды. Енді жүгірмей болмайды.

Келесі бөлмеде Айдар мен Сұлшаш ұйықтап жатқан.

— Аға!.. — деді ол енгітіп. — Үйде... біреу бар...

Айдардың көзі бірден ашылды. Ұйқысы әп-сәтте тарқап кетті.

— Не дейсің? — деді сыбырлап.

— Аманайды... өлтіріп жатыр... — деді Айдана үзік-үзік.

Сұлшаш та орнынан атып тұрды. Айдар есікті ашып, қараңғы бөлмеге атылып кірді. Шынында да, біреу Аманай жатқан керуенеттің үстінен төніп тұр екен. Айдар кідірмеді. Иығымен соғып, әлгі адамды шетке қағып жіберді. Екеуі бірден арналысып кетті. Керуенет тарс етіп қозғалды. Орындық аударылып түсті. Ағаштың тартылдаған дыбысы тұн тыныштығын бұзды.

— Кімсің?! — деді Айдар тістеніп.

рылып, кеудесі сырылдап шығып жатыр. Айдар жақындап келгенде ғана бәрі анық көрінді. Аманайдың екі бетіне саусақтың іздері батып қалыпты. Қатты қысып ұстағаны көрініп тұр — қызарып, көгеріп кеткен. Тамақ тұсында да саусақтың ізі білінеді.

— Дем ал... терең дем ал... — деді Айдар иығынан ұстап. Аманай ауа жетпейтіндей аузын ашып, демін зорға тартып отыр. Бірнеше рет күрсініп барып, ғана есін жия бастады. Сұлшаш оның арқасын сипап, су әкеліп берді.

— Құдай сақтаған екен... — деді сыбырлап. Ал Айдана болса бір орында тұрмай кетті. Әлгі үрей әлі тарампаған. Бірақ қорқыныштан гөрі бір шапшаңдық пайда болғандай.

— Мен көршілерді шақырамын! — деді ол кенет.

Айдар бірден айтуға үлгергенше, қыз сыртқы есікке қарай жүгіріп шықты. Түн қараңғы. Ауыл іші меңірейіп жатыр. Аспандағы жұлдыздар ғана салқын жарқырайды. Жел де саябыр. Бірақ Айдана кідірген жоқ. Жалаң аяқ дерлік, жеңіл көйлекпен қараңғы көшемен жүгіріп барады.

— Аға! Апа! Тұрыңдар! — деп айқайлады ол бірінші көрші үйдің қақпасын тартып отыр. Ит үріп кетті. Үй ішінен жарық жылт етті.

— Не болды?! — деген дауыс шықты іштен.

Айдана демігіп тұр.

— Біздің үйге... біреулер кірді! Аманайды... тұншықтырмақ болды! Есіктер бірінен соң бірі ашыла бастады. Ауылдың түнгі тыныштығы бұзылды. Бір үйдің шамы жанды, екінші үйдің терезесінен жарық көрінді. Үйде қалғандар болса әлі де ес жиып жатыр. Аманай демін өрнеп түзеді. Бетіндегі саусақ іздері анық көрінеді. Айдар енді ғана бөрінен анық түсінді. Бұл кездейсоқ түнгі ұрлық емес еді. Біреу Аманайды тұншықтырып кетпек болған. Ал сол бірдеуің кім екенін Айдар іштей сезіп тұрды. Бұл тұн шынымен ұзақ тұн болды. Аудан орталығына кеткен Күлән апада кенет оянып кетті. Ұйқысы бірден шайдаланып, терезеден түскен ай сәулесі қабырғаға көлбей түсіп, бөлмені бозғылт жарыққа бөлеп тұр. Бірақ апаның көңілі әлденеге алаң. Жүрегі шым етіп, тынысы тарылғандай болды. Ол жаңа ғана көрген түсін есіне түсірді. Түсінде өз үйінің қара қазаны от үстінде тұрған екен. Қайнап жатқан ас кенеттен қазанның түбінен ойылып, сыртқа төгіле бастайды. Қара қазанның түбі төсілгендей. Ал ошақтың жанында кішкентай Айдана тұр. Екі қолымен үлкен қазанды көтермек болып әлек. Ас тегіліп жатыр. Қыз бала жанталасып жүр. Күлән апа мына түсті жақсылыққа жорымады. Қазақ үшін қазан — шаңырақтың бәреkesі. Қазанға сызат түсетсе, үйдің де ырысы шайқалады деп сенетін.

Апаның жүрегін бірден күдік қарып өтті.

— Әй, бір жамандық болды-ау... — деді ол күбірлеп.

Жанында жатқан Қали ата қозғалып, басын көтерді.

— Не болды? — деді ол.

— Түс көрдім, — деді Күлән апа.

— Жаман түс. Қазан төсіліп жатыр екен. Қали ата үнсіз қалды. Күлән апаның түсті бекер айтпайтынын ол жақсы білетін.

— Балалар аман ба екен... — деді апа тағы.

Таң атқанша күтіп жатуға оның дәті бармады. Таң бозара салысымен екеуі жолға жиналды. Жол бойы Күлән апаның көңілі орнына түспеді. Ішіндегі бір ауыр сезім мазасын алып келеді. Аттың жүресі де баяу көрінеді. Покровкаға жеткенде таң жарығы енді ғана ауыл үстіне жайылып келе жатқан. Үйлердің мұржасынан түтін де әлі көтерілмеген. Өз үйінің қасына келгенде, Күлән апаның жүрегі тағы бір шым ете түсті. Есікті ашқанда, бөрінен бірден аңғарды. Балаларының жүзі сынық. Айдана апанын көре сала жүгіріп келіп құшақтай алды.

— Апа...

Күлән апа қызды бауырына қысып тұрып қалды. Ештеңе сұрамады. Бірақ бөріні түсінгендей. Үйдің ішінде бір ауыр тыныштық тұр. Кеше ғана жайлы көрінетін шаңырақтың ауасы өзгеріп кеткен. Қазан орнында. Ошақ бүтін. Ештеңе төгілмеген. Шаңыраққа қол сұғылған. Күлән апа қыздың басынан сипап тұрып:

— Үй, Апа... өзің сақтаған екенсің... Оқиғадан кейін көп ұзамай бұл іс ауыл арасындағы әңгіме күйінде қаламады. Таң атпай-ақ хабар аудан орталығына жетіп, артынаша тергеу бас-

талды. Алдымен үйдің маңы қаралды. Табалдырықтағы із, ауладағы аяқ таңбалары, есіктің ашылған-ашылмағаны — бәрі тексерілді. Сол түні не көрді, не естіді деген сұрақпен көрші-көлем түгел шақырылды. Әркім өз білгенін айтты. Біреу түнде иттің мазасыз үргенін еске түсірді. Біреу қараңғыда екі адамның асығыс кеткенін көргенін айтты. Жиналған сөз бен дерек біртіндеп бір арнаға құйыла бастады. Көп ұзамай сол түні үйден қашып шыққан адамдардың бірі — Рамазанның алыс ағайыны Дәрмен екені анықталды. Жасы егде тартқанымен, еңбекке мойын бұрмай, оңай олжаға үйір кісі екені ауылда бұрыннан белгілі еді. Оны ұзақ іздеудің де қажеті болмады. Совхоз ортасында бөтен адамның жүресі көзге бірден түседі. Бірі оны кешкісін ауыл шетінен көргенін айтты, енді бірі түнге қарай әлдебір үйдің маңынан байқап қалғанын жеткізді. Сол сөздердің өзі-ақ тергеудің жібін тарқата түсті. Іс аудандық сотқа жетті. Сот болатын күні аудан клубының ішілік толыды. Совхоздан келген адамдардың қарасы көп. Бірі әділдік орнай ма деп күтіп отыр, бірі үнсіз ғана бақылап отыр. Айыпталушылар алдыңғы қатарда тұр. Олардың арасында Дәрмен де бар. Жүзі бұрынғыдай паң емес, бірақ ішкі бір қырсықтық әлі сезіледі. Күәгерлер бірінен соң бірі шақырылды. Бір кезде сот қызметкері Айданың атын атады. Зал бір сәтке тына қалды. Алға кішкентай қыз шықты. Қыз сәл толқып тұрғанымен, жүзінде жасқану байқалмайды.

— Түнде не көрдің? — деп сұрады сот.

Айдана асықпай сөйлеп берді. Қараңғы бөлмеде көргенін, Аманайдың үстінен еңкейген адамды, есік жақта тұрған екінші көлеңкені, үстелдің астымен еңбектеп кеткенін, жарық жанған кезде көрінген жүздерді түгел айтып шықты.

Сосын сот айыпталушылар тұрған жақты көрсетті.

— Мына адамдардың арасынан таңығаның бар ма?

Айдана сол жаққа қарады. Бір сәт бөрі

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ЖАСТАР: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

**Қазіргі жаһандану дәуірінде тіл мәселесі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың болмысын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып отыр. Қазақстан үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілі – ұлттық бірегейліктің өзегі, рухани тұтастықтың негізі. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың мемлекеттік тілді меңгеруі мен дамытудағы рөлі ерекше маңызға ие.**

Бүгінгі жастар – тәуелсіз елдің болашағы, жаңа идеялар мен бастамалардың қозғаушы күші. Соңғы жылдары мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейіп, оны үйренуге деген қызығушылық арта түсті. Әсіресе, білім беру жүйесінде қазақ тілінің мәртебесі нығайып, мектептер мен жоғары оқу орындарында сапалы білім беру арқылы жастардың тілдік құзыреттілігі жақсарып келеді.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуы мемлекеттік тілді үйренуге жаңа мүмкіндіктер ашты. Онлайн курстар, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер арқылы жастар қазақ тілін оңай әрі қолжетімді түрде меңгере алады.

TikTok, Instagram, YouTube сияқты платформаларда қазақ тіліндегі контенттің көбеюі – соның айқын дәлелі. Бұл үрдіс жастардың тілге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оны күнделікті өмірде қолдануға ынталандырады.

Мемлекеттік тілдің дамуына жастардың шығармашылығы да үлкен үлес қосуда. Қазіргі таңда жас ақындар, блогерлер, журналистер мен

өнерпаздар қазақ тілінде сапалы контент жасап, ұлттық мәдениетті жаңғыртуда. Бұл – тілдің заман талабына сай дамып келе жатқанын көрсетеді.

Дегенмен, мемлекеттік тілдің толыққанды қолданысқа енуі үшін әлі де шешімін қажет ететін мәселелер бар. Кейбір жастар арасында қазақ тілін жетік білмеу немесе оны қолдануға деген сенімсіздік байқалады. Бұл жағдайды өзгерту үшін қоғамда тілге деген құрметті арттыру, қазақ тілінің беделін көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу қажет.

Сонымен қатар жастардың шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бастамасымен облыстық лингвистикалық орталық және Abai IT-Valley технологиялық кластерінің ұйымдастыруымен елімізде алғашқылардың бірі болып қазақ тілін цифрлы кеңістікте дамытуға арналған «Digital Abai - Қазақ мәдениетінің алтын бесігі» атты облыстық хакатон өтті.

Сондай-ақ жастардың қатысуымен өткізілетін «Qazaqsha quiz»,

«Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Сөз дода» атты облыстық конкурс та олардың мемлекеттік тілдің дамуына қосатын үлестерін айқындайды.

Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан бағдарламалар мен жобалардың маңызы зор. Тілді дамытуға бағытталған бастамалар жастарды қолдаумен ұштасқанда ғана тиімді нәтиже береді. Әсіресе, еңбек нарығында қазақ тілін білетін мамандарға сұраныстың артуы – жастар үшін үлкен мүмкіндік.

Қорытындылай келе, мемлекеттік тіл – тек өткеннің мұрасы емес, болашақтың да кепілі. Жастардың белсенділігі мен жаңашылдығы қазақ тілінің дамуына жаңа серпін береді. Сондықтан әрбір жас мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, оны күнделікті өмірінде қолдануға ұмтылуы тиіс. Бұл – елдің болашағына қосылған маңызды үлес.

**О.СОҒЫМБАЙ,**  
*Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары*

## РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

**Өткен аптада, 26-27 наурыз күндері, Астана қаласында Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасының қорытынды кезеңі өтті.**

## ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

26-27 наурыз 2026 жыл



Аталған білім сайысы бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту және педагог мамандығының мәртебесін көтеру мақсатында жыл сайын өткізіліп келеді. Олимпиадаға еліміздің әр өңірінен үздік нәтиже көрсеткен педагогтер қатысты. Бесқарағай ауданының Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Айдана Жасуланова сайыстың облыстық кезеңінде үздік шығып, республикалық олимпиадаға жолдама алған болатын.

Білікті ұстаз Айдана Серікқызы республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінде де жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі ІІІ орынды иеленді. Бұл жетістік – ұстаздың шығармашылық ізденісінің, білімі мен тәжірибесінің жемісі. Бұл – оның үздік педагогтердің қатарында екенін дәлелдейтін үлкен жеңіс. «Алтын тұғыр» олимпиадасы бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық шеберліктерін көрсету алаңы ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби шеберлігін дамытуға деген ұмтылысын арттырып, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Айдана Жасуланова бұл байқауда тек өз білімін емес, кәсіби қызметіндегі ұстанымдары мен педагогикалық тәжірибесін де паш етті.

Аудан әкімдігі және Бесқарағай ауданы білім бөлімінің ұжымы еліміздің үздік мұғалімдері бас қосқан білім сайысында облысымыздың намысын қорғаған Айдана Серікқызын жеңісімен құттықтап, кәсіби қызметіне зор табыстар тілейді. **Ш.ДОСКЕЕВА**

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

### 4 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

**«Таза Қазақстан» акциясы аясында Абай облысында 4 мыңға жуық құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Бұл туралы Polis.kz хабарлады.**

Қоғамдық тәртіп пен экологиялық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында аталған бағдарлама өңірде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның басты мақсаты – елді мекендердегі тазалықты сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоғамдық тәртіпті нығайту болса, осы бағыттағы талаптардың орындалуын қамтамасыз етуде полицияның рөлі ерекше. Құқық қорғау органдары акция аясында абаттандыру қағидаларын бұзу, қоғамдық орындарды ластау, жасыл желекті бүлдіру сияқты құқық бұзушылықтарды анықтап, олардың жолын кеседі. Сонымен қатар жедел басқару орталықтарының бейнебақылау жүйелері арқылы тәртіп бұзған азаматтарды анықтап, тиісті шаралар қабылдайды.

Polisia.kz мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері облыс аумағында жалпы саны 3987 құқық бұзушылық анықталған. Оның ішінде 3553 дерек қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, инфрақұрылым нысандарын бүлдіру және жасыл екпелерді жою, 434 дерек ортақ пайдаланылатын орындарды ластау бойынша тіркелген.

Құқық бұзушылықтардың бір бөлігі жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары арқылы анықталып, құқық қорғау органдары тарапынан жедел шаралар қабылданды. Бұл қоғамдық тәртіпті сақтау мен экологиялық мәдениетті арттыру бағытындағы маңызды қадамдардың бірі.

– Тазалық – тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Көп жағдайда құқық бұзушылықтар қарапайым ережелерді сақтамаудан туындайды. Біз тұрғындарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын бұзбауға шақырамыз. Әр адам тазалықта өз ауласынан бастауы керек, – дейді учаскелік полиция инспекторлары.

Қазіргі таңда полиция қызметкерлері экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруда. Тұрғындарға тазалық пен тәртіпті сақтау, қоршаған ортаны қорғау және санитарлық талаптарды орындаудың маңызы кеңінен түсіндірілуде.

Полиция тұрғындар мен қоғамдастықтарды қоғамдық тәртіп пен тазалық талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Өз тілшіміз

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕР

**Семей қаласында мерзімді әскери қызметін өтеуге кезекті жас сарбаздарды салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті. Жиырмаға жуық жас жігіт енді еліміздің шекара қызметі қатарында Отан алдындағы борыштарын өтейтін болады.**

## ШЕКАРА ШЕБІНЕ АТТАНДЫ

Іс-шара Абай облысының Қорғаныс істері департаменті облыстық жиын пунктінде ұйымдастырылды. Сарбаздарды шығарып салуға олардың ата-аналары мен жақын туыстары арнайы келіп, ізгі ниеттерін білдірді.



Салтанатты жиында департамент бастығының орынбасары подполковник Мейірхат Саябаев сөз сөйлеп, жас сарбаздарға жауапты міндет жүктеліп отырғанын атап өтті. Ол өз сөзінде әскери қызметтің әр азамат үшін үлкен мектеп екенін айтып, сарбаздарға абыройлы қызмет атқаруға тілектестігін жеткізді. Сонымен қатар ата-аналарға алаңдауға негіз жоқ екенін, жастардың барлық қажетті жағдаймен қамтамасыз етілетінін ерекше атап өтті.

Өз кезегінде ата-аналар да ұлдарына батасын беріп, ел алдындағы міндеттерін адал атқарып қайтуына тілектес екенін жеткізді. Солардың бірі – көп балалы ана

Айгүл Ерубаетова. Ол ұлы Шалқар Мұхатжанды әскерге шығарып салуға арнайы келгенін айтып: – Мен алты ұл, бір қыз тәрбиелеп отырмын. Әскерге жіберіп отырған Шалқар – үшінші ұлым. Баламның Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, аман-есен елге оралуына тілектеспін. Барлық сарбаздарға сәттілік тілеймін, – деді

ана. Айта кетейік, бүгінгі таңда еліміздің шекара қызметіне жасақтау науқаны аяқталды. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері басқа да құрылымдарына шақырылым жалғасатын болады.

**Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі**

# МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ (САТЫП АЛУ) ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84 - бабы 2 - тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 37 - бабына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63 - бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 825 қаулысымен бекітілген Семей қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына аумақты абаттандыру үшін, уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығымен тиесілі, Семей қаласы, 657 Километр көшесі, 5 - үй мекенжайында орналасқан (кадастрлық нөмірі 23-252-165-289), ауданы 0,8570 га жер учаскесі 2026 жылғы 27 наурыздан 2027 жылғы 27 наурызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен, иеліктен шығарылыс.
2. «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмейтін мерзімде меншік иелері мен жер пайдаланушыларға Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында көзделген жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті

3. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың өтініш беретін орны Семей қаласы, Абай көшесі, 97 мекенжайы бойынша орналасқан «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ болып белгіленсін.
4. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.
5. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Семей қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісу рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.
6. «Абай облысы Семей қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.
7. Өкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ержан Хамитович Тлеужановқа жүктелсін.

**Семей қаласының әкімі А. КОЖАНБАЕВ**

## МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ (САТЫП АЛУ) ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84 - бабы 2 - тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 37 - бабына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63 - бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 825 қаулысымен бекітілген Семей қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Серикан Айдарбекович Құрымбаевқа дене шынықтыру - сауықтыру кешенінің құрылысы үшін, уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану құқығымен тиесілі, Семей қаласы, Ақ. Сәтпаев көшесі мекенжайында орналасқан (кадастрлық нөмірі 23-252-002-1056), ауданы 0,1075 га жер учаскесі 2026 жылғы 6 сәуірден 2027 жылғы 6 сәуірге дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен, иеліктен шығарылыс.
2. «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмейтін мерзімде меншік иелері мен жер пайдаланушыларға Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында көзделген жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы

үшін алдағы уақыттағы мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарлама жіберсін.

3. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың өтініш беретін орны Семей қаласы, Абай көшесі, 97 мекенжайы бойынша орналасқан «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ болып белгіленсін.
4. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.
5. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Семей қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісу рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.
6. «Абай облысы Семей қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.
7. Өкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ержан Хамитович Тлеужановқа жүктелсін.

**Семей қаласының әкімі А. КОЖАНБАЕВ**

## ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 11 АҚПАН-ДАҒЫ № 116 «МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ (САТЫП АЛУ) ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14 - 1, 18 - баптарына, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65 - бабын бастышылыққа ала отырып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» 2025 жылғы 11 ақпандағы № 116 қаулысының (2025 жылғы 3 наурыздағы № 176 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен) күші жойылсын.
2. Өкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ержан Хамитович Тлеужановқа жүктелсін.

**Қала әкімі А. КОЖАНБАЕВ**

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

### 41,84 МЛН-НАН АСТАМ ДОЛЛАР АУДАРЫЛДЫ

**2026 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақ алу бойынша 252 842 өтініш орындалып, жалпы сомасы 41,84 миллион АҚШ долларынан астам қаражат уәкілетті операторларға аударылды. Олар, өз кезегінде, қаражатты 18 жасқа толған өтініш беруші азаматтардың банктік шоттарына есептейді.**

Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 26,35 млн АҚШ долларына 158 774 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 15,49 млн АҚШ долларына 94 068 өтініш қанағаттандырылды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (25,79 млн АҚШ долларына 155 126 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 193,16 мың АҚШ долларына 1247 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 134,32 мың АҚШ долларына 893 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (14,44 млн АҚШ долларына 86 258 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (704,23 мың АҚШ долларына 5 402 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (280,81 мың АҚШ долларына 1 955 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады. Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы - 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

Көмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы дербес алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгінугі тиіс.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар:

- «Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу),
- «Халық банкі» АҚ (білім алу ақысын төлеу),
- «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы көмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды көмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады. kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіндік қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала көмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында көруге болады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**



Әже, оқып берші!



## ОЙЛЫ ҰЛ

(Моңғол ертегісі)

Есте жоқ ерте заманда шал мен кемпір өмір сүріпті. Жеті жасар ұлы бар екен жандарында. Баяғыдан бергі жиған-терген бар мүлкі - бір аяқтан ақсайтын ақ боз ат, сіңірі қатқан, апарық, қап-қара үш ешкі мен тозығы жеткен киіз үй. Шал тақыр кедей болса да, ұлы епті де зерек

бол еседі.

Бір күні олардың киіз үйіне алыстан атқамінер келіп түседі. Бұл есім-сойын естісе ауыл-аймақ сәскенетін арсыз да айбарлы адам еді. Ол ішке енгенде киіз үстіне жайғасқан жетідегі бала үлкен тостағанмен қымыз ішіп отырады. Өлгі әкімсымақ балаға қарап күліп жібереді.

— Мынауың тостаған емес, науа ғой!

Бала сусын ішуді доғарып, таңданған күйі бейтаныстың бетіне тесірейе қарайды.

— Аса құрметті мырза, осындай «науадан» су ішетін малыңыз аз ба еді?

Мұндайды күтпеген бишікеш тосылып қалады.

Танертең әлгі әкімсымақ жолға шығайын десе, түн ауа ешкілер атының тартпасын шайнап тастапты. Ашу шақырған ол шалға былай дейді:

— Шығынды өте, әйтпесе оңдырмаймын!

Ойлы ұл әкесін жақтап әлек:

— Мәртебелі мейман! Айылды шайнаған ешкілер, сондықтан... құнын солар төлесін.

Бишікеш үнсіз ғана жылқыға қарғып мініп, шоқырақтап шаба жөнелгенде атының аяғы көртышқан ініне кіріп кетіп, ер-тоқымнан ұшып түседі. Әбден ыза булыққан бишікеш атын қамшының астына алады.

Мұны көрген бала күле бастайды.

— Неменеңе жетісіп тұрсың, ақымақ? — дейді ол.

— Күлмей қайтейін? Ел ішінде «Өтірікке құмар жанның аты түбі көртышқан ініне сүрініп, өзі жерге құлайды» деген тәмсіл бар еді. Демек, сіз — өтірікшісіз, алдампазсыз, құсыз, сұмсыз!

Орынды айтылған сөзге қарсы ұж таппаған әкімсымақ жылқысын жетектеген қалпы өз жайымен кетеді.

Сөйтіп, ойлы ұл ұятсыз бишікешті шенейді.



## БӘЙШЕШЕК ЖЕР АСТЫНДА ГҮЛДЕЙ АЛАДЫ

Бәйшешек — бақтар мен саябақтарда жиі кездесетін, нәзік әрі көркем өсімдік. Көпшілік оны тек көктемде жайқалып шығатын күлгін гүлдері арқылы таниды. Алайда бұл өсімдіктің табиғатында көпшілік біле бермейтін ерекше құпия бар — ол жер астында да гүлдей алады. Бұл - өсімдіктің кез келген жағдайда тірі қалуына мүмкіндік беретін сирек кездесетін көбею тәсілі.

Көктем мезгілінде бізге таныс күлгін жапырақшалар пайда болады. Бұл гүлдер жәндіктердің көмегімен тозанданып, қалыпты жолмен көбейеді. Мұндай гүлдерді ғылымда хазмагамдық гүлдер деп атайды.

Ал жазға қарай өсімдік басқа тәсілге көшеді. Ол көзге көрінбейтін, толық жабық күйде дамитын гүлшелер түзеді. Бұл — клейстогамдық гүлдер. Олар жер астында ешқандай жәндіктердің көмегінен өздігінен тозанданады. Осылайша, бәйшешек кез келген жағдайда тұқым беруді қамтамасыз етеді.

«Клейстогамия» термині грек тілінен аударғанда «жабық неке» деген мағынаны білдіреді. Яғни өсімдік сыртқы әсерсіз-ақ өздігінен көбейе алады. Бұл қасиет әсіресе табиғи жағдай қолайсыз болған кезде маңызды рөл атқарады.

Бәйшешектің тағы бір ерекшелігі — ол қоршаған ортаға бейімделе біледі. Егер көктем жылы әрі жәндіктер көп болса, өсімдік жер бетіндегі гүлдер арқылы көбейеді. Ал ауа райы қолайсыз болған жағдайда, жер астындағы гүлдерге басымдық береді.

Осылайша, қарапайым ғана көрінетін бәйшешек ауа райына бейімделіп, әрдайым тұқымдану мүмкіндігін сақтайды.

«Riza bol»  
Ұсынатын кәдесый

Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сөмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.

8 778 929 14 53  
8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» саяға белгісімен шыққан жібек орамалдар — ұлттық болмысты заманауи нәзіктікпен тоғыстырған ерекше кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай» — сабыр мен сенімнің, «Көзімнің қарасы» — махаббат пен мейірімнің белгісіндей.



## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

14.05.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Аягөз ауданы, Емелтау а.о., Емелтау а., Т.Кобдиқов к-сі, 11 мекен-жайындағы әкімдік ғимаратында «Абай облысының Аягөз ауданында орналасқан «Қызыл-Тас» кен орнында қаптамалы габбро өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Қарантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82727704706?pwd=75A2LGBbPXg3Ropd5ppWctGrxHWAx.1>

Конференция идентификаторы: 827 2770 4706

Кіру коды: G1140526

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Granite-industries» ЖШС. БСН: 180140024500. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі, 44. Тел. 87751751080, e-mail: Graniteindustries@mail.ru.

Әзірлеуші: «Қурманғалиев Руфат Амантаевич» ЖК, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Жетісу облысы, Талдықорған қ., Қаратал ш.а., 6А ү., жертелө қабаты. Тел. 87012775623, email: rufat.taldyk@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекен-жайы [rgodnyue\\_resursy\\_obl.abay@mail.ru](mailto:rgodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru) бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

## Сөзжұмбақ

Күрт-құмырсқа (өр.)	Сал - ...	Мал ауруы	Емшек ауруы	Асқак	Қорқу (сип.)	Жоға (сип.)	...Жа-кетәева
Қолы апық	Зымы-рай (орыс)	Бестегі жылқы	Аспан түсі	Уәкіл (сип.)	Жүде	Түсігі металл	
Ұлы өңірі	Қарсы (орыс)	Біс	Көмек (сип.)	Үйдің кішісі	Длин мереке		
...Нильсон (актер)	«Жеті жарғы» авторы	Нашар баға	Армян ақпасы	Көлік маркасы	Нашар	Лауа (сип.)	
Улы зат	Максат	Конзола-да (АҚШ бұрынғы затынсы)	Толстой	Сумк емес	Коп емес	Аял (сип.)	Құжат-ты
Казак сылақын-сы	Тік ұшақ маркасы	Мағына	Кемпірауыз	Жат (аит)			
Статья (каз)	Ирис	Семсер	Көне пагон	Би қадамы	Құжат		
Банк атауы	Ежелгі (сип.)	Пірілік көзі	Төте бағыс-ша	Піе түрі	Грекия тауы	Пар (сип.)	Бат. Африка астана-сы
Б-шы күн	Неміс сазгері	Кішкене	Африка мемлекеті	Дема-дыс бағы (оп)			

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ:  
ҚАЙ СУРЕТТІ ТАҢДАЙСЫЗ?

Адамның бойында бала кезден бастап оның болашақта қандай бағытта дамитынын айқындайтын ерекше қасиеттер болады. Алайда көпшілік өз мүмкіндіктерін дұрыс танып, бағалай алмайды. Психологиялық тестер уақыт өткен сайын жетілдіріліп, дамып келеді. Бірнеше нұсқадан таңдау жасауға негізделген мұндай тестер проевитивті психологияға сүйенеді. Бұл ғылым біздің таңдауымыздың санамыздан тыс жатқан ойларымыз бен сезімдерімізді көрсететінін дәлелдейді. Егер өзіңіз жайлы жаңа нәрсе білгіңіз келсе, төмендегі суреттерге назар аударыңыз да, сізге ең жақын, жаныңызға ұнайтын біреуін таңдаңыз.

Тай суретін таңдап, өз қабілетіңізді біліңіз. Тау — биіктік пен құдіреттің символы. Сондықтан бір ғана суретті таңдау оңайға соқпауы мүмкін. Дегенмен ойыңды сансыз ойлардан арылтып, ішкі түйсігіңізге сеніңіз. Ең жақын суретті таңдаған соң, төменге жылжытып, сіздің шынайы болмысыңыз бен сөйкез келетін кәсіби бағытты оқыңыз.



Тест нәтижелері:

## №1 сурет

Егер сіз осы суретті таңдасаңыз, сіз интровертсіз. Шешім қабылдамас бұрын әр нәрсені асықпай саралап, сабырлық танытасыз. Даналық пен білімді жоғары бағалайсыз. Сіз байсалды, салмақты болғаныңызбен, ойларыңыз терең, айналадағы әлем туралы ой жүгірткенді ұнатасыз.

Сіздің қасиеттеріңіз ғылым, психология немесе ұстаздық салаларында жоғары бағаланады. Білімге құштарлығыңыз бен зеректігіңіз айналыңыздағы адамдарға әлемді және өздерін тереңірек түсінуге көмектесе алады.

## Қайсысын таңдайсыз?

Тай — биіктік пен құдіреттің символы. Сондықтан бір ғана суретті таңдау оңайға соқпауы мүмкін. Дегенмен ойыңды сансыз ойлардан арылтып, ішкі түйсігіңізге сеніңіз. Ең жақын суретті таңдаған соң, төменге жылжытып, сіздің шынайы болмысыңыз бен сөйкез келетін кәсіби бағытты оқыңыз.

## №2 сурет

Сізді жаңашылдық пен ерекше идеялар қызықтырады. Сіз шығармашыл тұлғасыз, ең басты ерекшелігіңіз — алдағыны бағамдай алу және үлкен картинаны көру қабілетіңіз. Армандағанды жақсы көресіз, оларды жүзеге асыру үшін нақты жоспар құруға да шеберсіз.

Сіз дизайн, технология немесе кәсіпкерлік салаларында үлкен жетістікке жете аласыз. Өзіңіз көре біл-

ген дүниені басқаларға ұсына білу қабілетіңіз сізді шығармашылық салаларда бағалы маман етеді.

## №3 сурет

Сіз өзіне сенімді, басшылыққа бейім тұлғасыз. Маңызды шешімдер қабылдауға, күрделі жағдайларда көшбасшы болуға бейімсіз. Қиындықтардан қорықпайсыз, керісінше, оларды жаңа белестерге жетелейтін мүмкіндік ретінде қабылдайсыз.

Бұл қасиеттер сізді саясат немесе басқару саласында табысқа жеткізеді. Табиғи көшбасшылық қабілетіңіз айналаңыздағы адамдарды да жетістікке жетелеуге көмектеседі.

## №4 сурет

Сіз шынайы, іскер және мәселені тез шешуге ұмтылатын адамсыз. Қиындықтар туындағанда сабырмен, логикалық тұрғыда әрекет етіп, эмоцияға берілмейсіз. Жаңа жағдайларға тез бейімделіп, тиімді шешім таба аласыз.

Бұл қасиеттеріңіз сізді инженерия, менеджмент немесе ұйымдастырушылық қабілеттер жоғары бағаланатын кез келген салада табысты етеді.

Ал сіз қай суретті таңдадыңыз?

ГАЗЕТТІҢ № 23-24 САНЫНДАҒЫ  
СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

М	Ж	И	К	Е	Е	В	К	А	Ж	Ы
Е	А	С	И	И	У					
Д	Е	З	И	Н	Ф	Е	К	Ц	И	Я
Р	Ө	К	Л	Е	А	К				
Е	Л	У	С	Е	С	А	С	Ы	Р	
С	Л	А	К	А	Ю	Р	И	И	А	
Е	Г	І	С	Т	Ө	Ж	Д	У	Х	И
С	М	У	М	У	Е	Л	К	А	О	Н
С	Р	Э	Э	Т	И	Л	В	А		
К	Р	Е	С	Л	О		Е	Г	Е	Р
А	В	С	Т	А	Ж	М	Р	А	К	
Т	У	Р	А	Т	У	М	А	С	Е	
Е	Ш	Ы	М	К	Е	Н	Т	Т	І	К
О	Л	И	Ф	А		Т	И	К	С	
Р	Ө	Л	О	Р	А	М	А	Т	А	
А	Ф	И	Н	Ы	Б	А	Л	К	У	І
И		И	С	Р	А	Й	Л	Р	И	К

## Қызықты деректер

- Қояндардың көру қабілеті өте жоғары дамыған және олар 360 градустық шолуға қабілетті. Олардың көздері басының екі жағында орналасқандықтан, мойнын бұрмай-ақ арт жағын да көре алады.
- Қарғалар күрделі логикалық тапсырмаларды шеше алады.
- Тұмсыққұстар (сіңіршіктер) — ағаш отырғызуда ең тиімді жануарлардың бірі, себебі олар ұмытып кеткен жаңғақтарды жерге отырғызып, өсіп кетуін қамтамасыз етеді.
- түйеқұстар — жер бетіндегі ең жылдам жүгіретін құстар. Олар сағатына 70–80 шақырымға дейінгі жылдамдықпен жүгіре алады.
- Тасбақалар өмір бойы өсе береді.
- Аюлар бал жеген кезде араның шаққанына төзімдірек болады.
- Түйелер денесінде май жинайды, ол су болмаған кезде энергия береді.
- Қоңыздар — ең көне жәндіктердің бірі, олар шамамен 300 миллион жыл бұрын пайда болған.
- Иттер жер сілкінісін алдын ала сезе алатын ерекше қабілетке ие.

Материалдар ғаламтор беттерінен алынған

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор -  
Риза АСАНҚЫЗЫ  
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың  
орынбасары -  
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz

Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VP00121173, 05.06.2025 ж.  
Газет «АВАЙ АЙМАҚ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дизайн» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.  
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.  
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.  
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.  
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.  
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ